

894.342-1

Э557

Архивтік кор.
Архивный фонд

МҰЗАФАР ӘЛІМБАЕВ



СЕН ДЕГЕНДЕ



MOAICAS - MEXICO

**МҰЗАФАР
ӘЛІМБАЕВ**



«ЖАЗУШЫ» БАСПАСЫ,

СЕН ДЕГЕНДЕ

(ӨЛЕНДЕР, БАЛЛАДАЛАР,
МЫСАЛДАР)



АДМАТЫ 1979

Каз 2
Ә 55

Әлімбаев Мұзафар.


**Ә 55 Сен дегенде Өлеңдер, балладалар,
мысалдар.— Алматы: Жазушы. 1979.—224 бет.**

Қазақтың белгілі ақындарының бірі — Мұзағар
Әлімбаевтың бұл кітабына оның соңғы бес-алты жыл
беделінде жазған жаңа өлеңдері сурышталының ең
гізілді. Ақын жырларына публицистикалық серпін, ой
терендігі, кең құлаштылық тән. Такырып түрғысы-
нан бай, творчестволық тәсілі әралуан.

Каз2

A $\frac{70403 \ 88}{402 \ (07) \ 79} \ 52 - 79 \ 4702023020$

(C) «ЖАЗУШЫ,» 1979.



АЗАМАТТЫҢ АҚ ЖОЛЫ

*Өмір — улкен өзенім
Арынды да ағынды.
Сол өзеннен сүземін
Сыбагамды салымды.*

*Арман — көңіл шырагы,
Алаңдаманabyржып:
Күнім балқып шығады,
Таңым атып тамылжып.*

*Мен келгенде өмірге
Дәуір тіркеп сол күнді,
Бейбіт еңбек төрінде
Белгілепті орнымды.*

*Демесем де: «Ерекпін,
Дара тұған дарынды».
Мен де еліме керекпін,
«Ел!» — деп үзем жанымды.*

*Қалса төбем көрінбей
(Көктем мейлі, күз мейлі),
Сенімді бір шебіндей
Халқым мені іздейді.*

*Егіншілік ежелден
Мәңгіге жас мамандық.
Сергек жүрек сезермен
Әлеуметке адалдық.*

*Көп те — маган ағана,
Аз да — маган қанағат:
Көз суарып, мәз болам,
Дән теңізін аралап.*

*Маган
Дала шаңы да
Хош иісті опадай.
Ай көрмесем, сағына
Боздар едім ботадай.*

*Көктем болып бусанам,
Жаз болып та балқимын,
Миллиардан туса ғән,
Күз болып та шалқимын.*

*Дәм патшасы — аппақ наң
Дастарқанның басында,
Үмітіңдегі ақталған
Мен де отырам қасыңда.*

*Жабырқаймын жалғыз-ақ
Қойса тамшы бір тамбай,
Ессе қызыл аңызак,
Ес қалмайды диханда.*

*«Ұта білген уақытты
Бәрін ұтар». Осылай
Деген Ленин. Бақытты
Қолтықтаймын досымдай.*

*Бақыттымын бақ-талаі
Сыйлай алсам халқыма.
Сол парызды ақтамай,
Не қалдырам артыма?!*

*Егу менен терудің
Аралығы — тірлігім.
Жемісіндей жеңудің
Бір күнімнен бір күнім!*

*...Ғазиз заңын қолымен
Халық өзі жазғанда,
Сенімі нық, жолы кең,
Арманға қол созғанға.*

*Алтын заң Әр жолында
Жарқырап тұр пешенем
Парыз да көп мойнымда
Өтегелтін есемен.*

*Алтын заңың әр жолы
Тағдырымның кепілі:
Азаматтың ақ жолы
Кемелдену, жетілу.*

*Еңбек — майдан, қапы үрман!
Тағылымым — батырдан.
Коммунистер — ұстазым
Мейірбан да ақылман.*

*Мен — толқын да, ел — теңіз,
Теңізімнен кім бөлер?!
Өрге құлаш серпеміз,
Күнді құшып үлгерер.*

*Тұған далам — дарханым!
Тынысым бір сенімен.
Бір дәуірдің бар қамын
Арқалаған ері, — Мен!*



СОЛДАТТАР
ҰМЫТПАЙДЫ
СҮРАПЫЛДЫ

БАУЫРМАЛ БАТЫРЛЫҚ

Майдан жайлы естелік!
Ерте оралып, кеш келіп,
Бір өшіп, бір жаңғырып,
Мына мені таң қылып,
Сарқылмайтын көлімсің,
Таусылмайтын кенімсің!

Көп екен-ау көргенім!
Неткен салақ пендемін:
Ерлікті екшеп, жыр тізіп,
Әлі аз екен тергенім.
Қопараійын қаламмен
Қойнауынан зерденің.
Жылдар тұтқан араға
Сыпырайын пердені.
Өтсін самсал алдыннан
Отанымның ерлері!

...Гитлер бастап сойқанды,
Дүнине судай шайқалды.
Ұйпай жаздалап зілзала,
Жерді басты мұң-нала...
Қайнап біздің әділ кек.
Әділ кекті жани кеп,
Сұмдығынан дозақтың
Сорлағанды азат қып,
Күн қуаттас атағы
Ленинизм Отаны
Туын тігіп Жеңістің,
Желліндірді жер үстін!
...Қанша мың-мың отандас,
Соншама ерлік қатарлас!
Жанға тартар жақын ғып
Бауырмалдық батырлық!
Жеңістердің дүкені —
Айқас шебі — алғы шеп.
Ерліктердің үлкенін
Алғы шептен табушы ек.
Жер аспанға ұшқандай,
Аспан жерді құшқандай
Сұрапылдар тізбегі —
Төрт жылғы сын іздери.
Ордендер мен медальдар
Иелерін іздеп жүр.

Қайдасындар со жандар
Отты кешкен бізбен бір?
Жүргегіңің жарасын
Қалай ұмыта аласың?!

От топаны... қанды апат...
Атой.. Жеңіс... салтанат...
Әлі күнге бәрі де,
Ұмытылмас әлі де
Фильм болып үнемі
Түсімізге кіреді...

Жүргегіңің жарасын
Қалай ұмыта аласың:
Қайтып кеп, дәм тата алмас
Жиырма миллион отандас
Тірілерге саралап
Артқан ізгі аманат.
— Болса Бүкіл Жер тыныш,
Сонда,
Туған Ел тыныш!!!

...Жеңістердің дүкені —
Айқас шебі — алғы шеп
Ерліктердің үлкенін
Алғы шептен табушы ек.

Бұгін де алғы лектеміз,
Бұгін де алғы шептеміз:
Бұркетпейміз Құн көзін,
Бейбіт аспан күмбезін!

КОМАНДИРДІҢ ӘҢГІМЕСІНЕН

Алғашқы айқас — хауіп-қатер қанкешті,
Тәуекелден тартынбайды жанкешті.
Көзсіз ер де қоя алмайды ойламай
Өлім... өмір... делінетін дауды ескі.

Бір күн қалған ұрысқа алғаш кіруге
Тұс көрдім мен сол бір күннің түнінде:
...Кісі бойы қою батпақ... тар көшесі...
Мүмкін емес аяқ алып жүргүре.

Командир ем сол он тоғыз жасымда,
Келеді екем ротамның басында:
Қара тер бол, қан сорпаға түсіппін,
Соңымдағы лекке жолды ашуға.

Лайсанды сол иықпен қырындап,
Мұзжарғыштай іреп келем қыбырлап.
Серіппедей тегеуріні батпақтың:
Өту қыны...

оңай екен жығылмақ.

Мен өткен соң батпақ қайта андамай,
Жол қалады қаңсып қалған арнадай.
Кейінгілер кең кесіліп келеді,
Қол ұстасып, бірін-бірі қармамай.

Алдымыз өр...

демікsem де, жұлқынып,
Алқынсам да, біr жығылып, біr тұрып.
Дөң басына әзер шықтым ақыры,
Жүққан лайдан ада болдым, сілкініп.

Шетінемей сапымыздан біr адам
Жолдан өттік,
Сордан өттік діn аман.
Уралаган жауынгерлер даусынан
Оянып-ақ кеткені ғой бұл ағаң.

Ертесінде сол түсімді жырдай ғып,
Жан достарға баяндадым шындей ғып.
— Аман-есен оралады екенбіз,
Жақсылыққа — түс көргенің мұндайлышқ, —

Деп қарт солдат, жаутаң қағып жанары,
Сәуегейдей сонда маған қарады.
— Күні-түні біr саптамыз...

түсінде

Мен көзіңе түскем жоқ па, қарагым?!

...Алғашқы айқас — хауіп-қатер қанкешкі.
Тәуекелден тартынбайды жанкешті.
Көzsіз ер де қоя алмайды ойламай
Өлім... өмір делінетін дауды ескі.

МАЙДАНДАҒЫ ҚЫЗГАЛДАҚ

Траншеяның алдында
Көңілді тербеп,
кезді арбап,
Лаулаған қызыл жалындай
Құлпырды бір шоқ қызғалдақ.

Түндегі жаңбыр шайған да,
Қырмызы гүлді бойлатқан.
Қызғалдақ мынау майданда
Жауынгер жасты толғантқан.

Шықты да қарғып үрадан,
Еңбектеп жылжи жөнелді.
Нарт қызыл гүлді ұнаған
Аялап үзді ол енді.

Иіскеп гүлдің жұпарын
Үлгірмейтіндей асығып,
Құшырлана кеп жұтады.
Кекірек-сарай ашылып.

Бұрылды жігіт жадырай,
Қайташы әлгі орнына.
Кірш етті бір оқ санына,
Дір етті гүлі қолында.

Сыргыды сыңар жамбастап,
Көгалды, жол сап, жапырып.
Өңінен қызыл қан қашқан,
Қаңғыған оққа қапынып.

...Солдатым неге қысылды,
Толқуға мұнша бола ма:
Қызгалдақ шоғын ұсынды
Медсестрамыз Соняға.

Жігітке тәнті көңілмен
Қарайды ару ұрланып:
Бақыт па мынау көрінген,
Балқиды жүзі нұрланып.

Балағын көріп тілген оқ,
— Бұның не деймін,—е, батыр!
Зорлана, досым құлген боп:
— Оқасы жоқ қой! — деп жатыр.

ОЛ СӨЗДІҢ ЖОҚ ҚОЙ ҚАТЫСЫ

«Көзі кем...» деймін, кідірем,
Откенге оймен үңілем:
Майдангер достар, қайтейін,
Тиеді-ау бұл сөз біріңе.

«Шойнаңбай...» десем қапыда,
деп барып,
Мұдірем, қалам тоқталып.
Тиеді-ау тағы біріңе
Қолыңды тағы оқ қарып.

«Шойнаңбай...» десем қапыда,
Құлемін өзім-өзіме:
Өз атын өзі шақырған
Көкек боп кеткен кезің бе?!

«Қорқақсың!..» десем шерменде,
Біреумен ойсыз шатысып.
Майдандас достар, сендерге
Бұл сөздің жоқ қой қатысы.

ЖІПТІКТЕЙ ТҮТІН

Ойнап-күлген өз отының басында.
Дүниеде бақытты ғой, расында,
Солдаттар әңгімесінен

Жел қадалса, кім ық іздең бұқпасын,
Саңылауга сақтана бас сұқпасын?!
Қар ұйтқиды бет-жүзінді сабалап,—
Траншея бола алмайды ықтасын...

Кеше де осы, бүгін де осы көрген күй —
Қажырлы да неге қабақ шытпасын?!
Көп ішінде кім жоқ дейсің
Бір бозым
Жылт еткізді сары уайым сыйкласын.

— Тұс ауыпты, көрінбейді кухня,
Старшина діңкемізді құртпасын.
Бой жылтырып, жан шақырып алар ек,
Жүз грамнан сыбағаны жұтқасын...

...Қарып түсер оттан шыққан көсеудей,
Затвордың сипап өтсөң тұтқасын.
Желің мынау...

Ал аязға не дауа?
Он бойыңа он мың ине сұққасын?!

Маужыратып, манауратып бойды алды.
Озбыр аяз, ұйқы — сойқан жұптасып,
Үскірікте қалғып кету тым оңай.
Ал ояну қиямет бол шықпасын?!

Жалын да — сын, сүйк та — сын болатқа.
Осыны ұққан шамырқансын, ықпасын...
Құрыстаған бойымызды жазып та,
Жүгіріп-жүгіріп алар ма едік жазықта.

Сені бақпай, неміс кімді бағады?
Тек қылт етсең, сенің басың — шалары...

Ефрейтор:

— Ей, тағатсыз ашқарақ!
Төңіректі бір шолып қой баспалап,
Фриц тамақ ішіп жатыр...
Тым-тырыс...
Көрінбей ме біздің жақтан асханаң!..

— Эне алыстан түтін шықты жіптіктей,
О да бойды қыздыратын спирттей...

Отырғандай ошақ қазып, от жағып,
Қиялдаймыз жылынуды қақталып...

— Қорғаныста алыс отқа сұқтанып,
Зарыққанша...
Атой салып төрт барып,
Бусанушы ем! — деп тістеніп,
 қарт солдат
Қалтасынан махоркасын шекті алып.

* * *

Балдәурен, шіркін, балалық
Қалдырдым екем қай сайды?
Аңдаусыз оқыс тоналып,
Айрылдым екем қайсы айда?

Сыналышп, отқа көп кірген
Соғыстың қайсы шағында
Айырбас жасап кеттім мен
Қай қыздың ерін балына.

Бітпестей мәңгі көрінген
Балалық күндер туындал,
Алғашқы атқан оғыммен
Ұшты ма бірге зуылдал?

Қалдырдым — есте тұра ма —
Қысында яки жазында.
Бомбалар қазған ұрада,
Оконтың сарғыш сазында...

КІМ СЕНЕР

(Қарт солдаттың аузынан)

Селдеткен оқтың астында
Жатып ек десең, кім сенер?
Телегей қанды тасқынға
Батып ек десең, кім сенер?!

Қақ жарып қанды селді де,
Өтіп ек десең, кім сенер!?
Жаяу-ақ сонау Берлинге
Жетіп ек десең, кім сенер?!

ҚАР МЕН ҚАН

Омырауы жаралы
Жігіт жермен жер болып,
Сырғиды алға... Агады,
Ағады қан сел болып.

Қып-қызыл қан, ыстық қан
Қарды ерітіп, өзі еріп,
Әрі айрылып ыстықтан,
Бозғылт тартып өзгеріп.

Жігіт ізін арттағы,
Үңгіп, ойып, терендең
Жылжып келе жатқаны
Бирте-бирте қатқаны
Көз алдымда көлеңдеп.

Әлі күнге тұрады,
Көз алдымда көлеңдеп,
Ойласпа едім, шырафым,
Өлмей тірі келем деп?!

ТЕҢІЗШІ САҒЫНЫШЫ

Теңізші күні-тұні су бетінде,
Күзетте Мұзмұхиттың бір шетінде.
Көре алмай көк жиекке көз тігеді
Отанның өзі түгіл, суретін де.

Теңізші суда ширап, суда өседі,
Алыстан туған жермен тілдеседі.
«Шіркін-ай, бір тамшысы бал қымыздың,
Бір жұтсам, шөліркеуді білмес еді!...»

Теңізші су кешпейді, ой кешеді,
Алыстан арманымен сөйлеседі.
Ауылдан жатса да ұзап жұлдыз-қыздар,
Жұлдызын бұ да таппай қоймас еді.

Теңізші ой кешеді,— мұң кешеді
Есіне түскен сайын күн кешегі.
Сарғайтқан сағынышта жақсылық бар:
Ер онсыз ел қадырын білмес еді?!

* * *

Ялпыр-ау, нанайын ба, нанбайын ба?!
Көз тікsem балалықтың бал айына,
Бәрі де елу асқан егде шақта,
Сайрап түр сәби көңіл сарайында:

Кайнатып берген анам алғаш өзі
Дәмі бар балқаймақтың таңдайымда.
Ялпыр-ау нанайын ба нанбайынба?!
Көз тікsem балалықтың бал айына,
Бәрі де — елу асқан егде шақта
Сайрап түр сәби көңіл сарайында:
Құырып берген анам алғаш өзі
Дәмі бар ақ бидайдың таңдайымда.

Күнің жоқ баяғыдай...
бүгін кейде
Ойларың тоқсан саққа жүгірмей ме?
Сонда да — сын үстінде, тәтті күнде —
Жадында ғұмыр бойы ұлы бейне...

ЕМЕНДЕЙ ҚАЙСАР ЕР ЖІГІТ

Қарағай да — жауынгер,
Ақ қайың да — жауынгер...
Орыс орман — одактас —
Қайыспайтын қалың ел.

Балтасына соғыстың
Қыңқ демейтін сол күшті.
Көріп талай құқайды,
Кешкен ол қан төгісті.

Қарағайдың денесін
Қаңғыбас оқ тессе де,
Жоғалтпайды ол есін,
Не қасірет кешсе де.

О да — адал досың рас
Оқтан сени қалқалар.
Үрейленіп шошымас
Ұшса да ақ жаңқалар.

Құдды күзгі жапырақ
Құйылса да жаңқалар,
Құрақ ұшпас қалтырап,
Демес: «қайтсек жан қалар?..»

Бізге соны ұқтырып
Кір шалдырмай атына,
Құлайды емен тік тұрып,
Мерт болса да қапыда.

Туған елдің
Тезімді
Еменіне ұсармын.
Құлап түскен кезімде
Туған жерді құшармын!..

САМЫРСЫН

— Шетте жүріп бал балам,
Шеккен кезде ауыр сын,—
Деді ме екен жан бабам,—
Туган жерін сағынсын!
Өз қолынан аулаға
Егіпті екі самырсын.

Ақ жауынға малынсын,
Жел жұлқылап, қағынсын,
Мейлі дауыл шабынсын —
Мыңқ етпейді самырсын.

...Бұғанамыз бекімей,
Қатаймай-ақ қауырсын,
Шамырқанып кетіп ем,
Шақырган соң ауыр сын.

Ата мекен қадырын
Алыс кетсең танырсың:
Бейне тұған бауырым,—
Бабам еккен самырсын.

Көңіліме тұнып шан,
Басым неге қаңғырсын?!

Борышымды ұмытсам,
Туған жердің дәмі ұрсын!

Көпке күэ әріден
Бабам кезі — самырсын!
Ауылдастың бәрі де
Сені мендей сағынсын!

* * *

Осы сырды оқып ем
Өлген солдат хатынан,
Жүргегімнің отымен
Өлең жаздым атынан.

МАЙДАНГЕРДІҢ ЖАРАСЫ

Өкпек желдей өкпектеп
Жас денесін оқ көктеп,
Туған жерін таянып,
Жатыпты ұлан етпеттеп.

— Мен тіріде,
шебіме
Фашист қалай өтпек! — деп,
Мұлт жібермей бір оғын,
Атыпты ұлан, етпеттеп.

Тілген соғыс түрені
Тәсі, жоны, білегі....
Күрең тыртық, ақ жолақ
Қиқы-шойқы сүреңі.

Кемдігі деп пақырдың
Кім басады кезіне.
Жарасы да батырдың
Жарасады өзіне.

КИЛМЕГЕН ТӘЖ, КИЛІККЕН ТАЖАЛ

«Таққа мініп,
Тәж киердің алдында
Оққа ұшқан жанның да
Арманы жоқ...» десе біреу, нансаң сен,
Қандай парық бар мұнда?

Деуші ек оған:
— Басталмаған жас күнсің,
Кіп-кішкентай Мәшіұрсің.
Сонда Қонақ жымиятын:
— Уақыт
Бойда барды аштырсын!..

Тұстасынан таңын ерте атырган,
Ата аруағын шақырған
Алмас сөзі аумайтұғын көзсіз жас,
Аусар-албырт батырдан.
Тұлабойы құйылғандай ақылдан
Тебірекендеге тұңғирыққа батырған...

Софыс — дауыл сілкілеп Ел күмбезін,
Үзді ақынның гүл сөзін....
Аман қайта,

ОСОБИБИЛИОГЕКА
ССР ЗМ. А. С. Пушкин
51885

Әлі ешкім таппаған
Ашар еді жыр көзін.

Поэзия асқарына шыгатын
Ағыта алмай қуатын,
Аласапыран алапатта қапыда
Құлап түсті бір ақын.

Ұлы дуга бір түспеген дүлдүлдей,
Үыз жастық өте шықты бір күндей...
Шабыт гүлі таңда солды қапыда,
Талантның төжін кијп үлгірмей.

СЕРЖАНТ СЕЗІМІ

Танкішілер танитындаі жөргектен
Сол сержантты сыйғызбайды жер-кекке:
— Жігіт нағыз! Жүректінің көсізі-ау!
Айтар бұған қандай ғана ессіз дау!!!
— Танкі ішінен от оранған шарқ ұрып,
Неше мәрте шықты күйіп, шарпылып!!!
— Кереметін өзіміздің көз көрген
Қылтиғанды қызып түсер көз мерген,
— Бір Курскі иігінде, ол кемі
Бес «тигрды» күйретті де өртеді...
Танкішілер танитындаі жөргектен
Әбеновты сыйғызбайды жер-кекке.
Білмейді ешкім, білмейді ешкім бірақ та,
Не істейтінің оңашада — жырақта:
Рациямен,
Жан дегбірін кетірген
Алматыны іздел тауып эфирден,
Ән тыңдаса, елжіретіп сезімін
Мәлдіретіп ыстық жасын көзінің,
Білмейді ешкім Әбеновтың, бірақ та,
Оңашада алатынын жылап та.

* * *

Хамза Өмірбаев ескерткішіне

Тұсімде досымды көрдім —
Ояна шошынды көңлім.
Оққа үшқан отыз жыл бұрын
Қайран дос қарайды қырын.
Мұнартып көңілдің хошын,
Жұр ме екен өкпелеп досым.

Ұялтып, қаратып жерге:
— Ұмытып кеттің ғой дер ме?!

Болған соң күнәһар пендे
Шомыппын қап-қара терге.
Тұн бойы титықтап қаппын,
Төсекте мәңгіріп жаттым.

Айтпады жылатар кепті,
Өзімді жұбата кепті.

Кіді айтпас лапылдан қызып,
Сөздері есімде үзік:
— Сен елге сөзінді бердің,
Мен елге өзімді бердім...
...Қолдайтын кез жұмып жатып
Досыңың бары да — бақыт.

Рахима апай аузынан

— Сен едің асылым да, аппағым да,
Тұңғық шыңырауға батқаның ба?
«Апа!» — деп айттың қайда ақырғы рет,
«Апа!» — деп айта алдың ба, айтпадың ба?
Құрбан бол ақ жолыңа кетер едім,

Аулыңа қан майданнан қайтқаныңда.

Сен туып, сегіз ауыл той қылғанда,
Кең қырға көркем кілем жайдырғанда,
Ет жүрек қуаныштан жарылмап ед,
Жарылмады-ау өзіңнен айырылғанда...
Отыз жыл тау арқалап жүргендеймін.
Оу, тірлік, одан артық қайғың бар ма?!
Күйіктен күл болардай, удай ішім,
Өзгенің күндемеймін қуанышын.
Әрі ойлап, бері толғап безбендересем,
Бар жалғыз дәтке қуат жұбанышым.
Дәм-тұзың ақ сүтімдей ақтап өткен
Останның өгейсітпес ұланысың —
Қасірет қартқа қалай қастығады?
Құлақтан кетпейді ана ашы зары.
Бір тебе Ғалиасқар... бес қыз — бөлек
Жайқалған жас гүлдері — жас құрагы.

Жоқтауын ана созса, жоқ сияқты
Қайғының қайтқан судай бастығары.
Сезсе де жүйрік көңіл, жетік сана:
«Қалғаны бетті тұзеу, кету ғана»—
Демейді біздің асыл Рахима апай,
Жүргегін сыйздатса да шекіп нала.
Жұртына тілейтіні:
— Болмасыншы
Бейбақ ұл, жесір әйел, жетім ана!

БІЗ СОДАН ДА КӨРЕГЕНБІЗ

— Неліктен дала ұланы
Қысық көз болып туады?

— Әділдік
Шынға тоқтамақ:
Әзіл-ақ дейік сөзіңіз.
Қияға, Қүнге көп қарап,
Қысықтау бопты көзіміз.

Тастұлек қыран сияқты
Көреген, сергек өсеміз.
Қырынан көздеп қияқты
Бір оқпен қиып түсеміз.

ҚАЙРАН ДОСТАР — МАЙДАНДАСТАР...

Өлімге қарсы шапқан ойланбастаң,
Ордасын фашизмнің ойрандасқан
Айқаста арыстандай аға тұтқан
Айырылдым қапияда қайран достан.

Өлімге қарсы шапқан ойланбастаң,
Ордасын фашизмнің ойрандасқан
Майдандас қанды кейлек — қайран достар!
Сиреп бара жатыр-ау майдандастар.

Қыңқ демей кеше тағдыр ауырына,
Бүгін де қолы тимей ауыруға,
Біртіндеп кетіп жатыр қаруластар,
Шыдамай күздің қара жауынына.

Денесін шүрк-шүрк оқ тескенде,
Қасқынп, дес бермеген от кешкенде,
Ал бүгін кетіп жатыр қаруластар,
Шыдамай кәрлі қыспен беттескенге.

Тағдырдың толқынына мың аунаған
Ерлікте шырқау биік шығандаған
Ал бүгін майдандастар, кетіп жатыр
Төзе алмай соқыр шекке, тұмауға да...

Ел жүгін арқаламай, көңілденбес,
Дейтұғын Отандікі өмір дербес
«Бес аспап осылардың,— деуші едік-ау,—
Қолынан бір келмесе, өлу келмес».

Тугандар Отан даңқын асырмаққа,
Бөлеген жапан тұзді жасыл баққа
Сабаздар кетіп жатыр, өзі өсірген
Миуасын мирас етіп жас үрпаққа.

* * *

Бек сендім,
Өлмей тірі қайтамын деп,
Бәрін де кейін жыр ғып айтамын деп
Жалдадым қан өзенін көппен бірге:
Ерлікті, ездікті де байқадым көп.

Бек сендім:
Өлмеймін деп, қасарыстым:
Жүректі оқ өтіне тоса түстім.
Аяулы туған жердің кесек тасын
Арудай бауырыма баса, қыстым.

АТАМ МЕНИҢ

(Немере әңгімесінен)

Атам менің төрт-ақ класс бітірген,
Айыра алмайды бөлшекті де бүтіннен.
Білмейді ол ендікті де бойлықты,
Сонда да атам ой керемет, ой мықты!

Қиқаң-қиқаң қозғап қойып арқасын,
Жатқа айтады Европаның картасын.
Жатқа айтады Европаның картасын,
Өзен-көлін, орман-нуын, тау-тасын...

— Бәрін, ата, қайдан білдің оқымай,
Жаным атам, қайдан білдің оқымай?!

— Жауынгерлік жас шағымда ер күнде,
Жаяу жеттім Москвадан Берлинге.

Жорықтарда ой мен қырын сұзгенбіз!
Европаның азаткері, біздерміз!

СОҒЫСТАН СОҢҒЫ ӘН

(Әні бар)

Кербез күйі қайда кешегі,
Суық жел неге еседі?
Қалтырап түзде қайыңдар:
«Қалқашың қайда?» — деседі.
Жабырқап жастық махаббат,
Қара бұлт неге көшеді?!

Қ а й ы р м а с ы :

Неге тұр бүгін жайнамай,
Қызыл гүл қайда құлпырған?
Неге отыр бұлбұл сайрамай,
Неліктен тынды сүйкімді ән?!
Жүзімді көрер, айнам-ай,
Ояншы, қане, ұйқынан!

Жауынгер құрбым, жан құрбым,
Айқасқа бірге сан кірдің.
Сескенбей оқтан сен барда,
Жауымды естен тандырдым.
Жүруші ең жебеп сен мені,
Досыңды қайда калдырдың?

Қ а й ы р м а с ы :

Көтерген туын ерліктің,
Қан майдан бітпей, сен біттің.
Жеңістің күні келгенде,
Махаббат тойын мен күттім.
Гұмыры арман әнімсің,
Аяулым, мәңгі сендікпін.

Қ а й ы р м а с ы :

ЕРЛЕР ЕСКЕРТКІШКЕ ТАТИДЫ

Тағдырлары бұлактардай тоғысқан
Талай боздақ оралмады соғыстан...
Топырақ та бүйірмады достарға
Тұған жерден — ежелгі ата қоныстан.

Алапаттан аман-есен оралған
Бақыттырақ болғаным ба олардан?
Бәлкім олар батырырақ шықты ма,
Жастығын да ала жатты — жоқ арман!

Менің өзім жатпасам да ездерге,
Бәрінің де жояндығын сезгеннен,
Теңдесі жоқ ерлер,— деймін!..
Солардың
Ескерткішін соққым келер сөзбенен.

Айтарым көп: айта алмаймын тауысып,
Бір толғамнан бір өлеңге ауысып,
Қайран ерлер қара жерге сыймыйтын
Мен солармен күнде жүрем қауышып...

БІЗ — КЕШЕГІ СОЛДАТТАР (Әні бар)

Күндіз жортып, тұн қатып,
Ақ жауынга малишынған,
Ми батпаққа мың батып,
Табанынан таусылған,

Біз — кешегі солдаттар,
Халқын сүйген саңлақтар.

Окоптарда өліммен
Қойындастып жатса да,
Түңілмеген өмірден,
Түңғиыққа батса да,

Біз — кешегі солдаттар,
Ел намысын ардақтар.

Москвадан Берлинге
Дүбірлетіп жеткен де,
Жер бетінде тербелген
Жеңіс туын тіккен де,

Біз — кешегі солдаттар,
Отан даңқын ардақтар.

ҰЛДАР ЛЕГІ МЕН ЖЫРЛАР ЛЕГІ

Отан жерін өрт құшып,
Өзектерге от түсіп,
Көкіректі кек қысып,
Оқыс естік, бек пісіп.

Лап қойыстық қас жауға,
Тапап, үйпап тастауға.
Жанған отқа шомылдық,
Жауған оққа көмілдік.
Сирегенмен легіміз,
Аман шықтық көбіміз.

Майдан жоқты тапқызды,
Софыс көпті айтқызды.
Намыс қымбат, ар тәтті:
Ақыл көгін шарлатты.
Қан майданда әр жүрек
Жыр сұрады, ән тілеп...
Самғағанда батырлық,
Шамырқанды ақындық.

Елдің кегін құғанда
Ақын болмай туған да,

Ауыз өнері жоғы да
Қосты жырлар жолына.

Құлағанда бір ұлан,
Түрегелді сыңғыр ән.
Жырлар жоқтап намысты,
Бірге қамал алысты.

Қызыл-жоса қар үсті...
Жарамызды таңысты.
Ұлы майдан өлеңі
Оң қолтықтан демеді...

Комиссар-жыр жар шашты,
Жалаугер — ән жол ашты...
Дәрі сіңген дастандар —
Қартаймайтын жас жандар.

Оқ өтпеді өлеңге,
Жыр батпады теренге,
Шарпылса да тәніміз,
Тұншықпады әніміз.

Миллион — миллион досы бар,
Бауырмал жыр осылар.
«Ұлтың кім?» — деп сұрамас,
«Ой, бауырымдап» жыламас.

Өрлік —

Нәрі солардың.

Ерлік —

Қаны солардың:

Аты мәлім батырдан

Бимәлімі көп екен.

Бимәлімі көп екен.

Белгісіз сан солдаттың

Жыры елге жол тартты.

Болаттан да бекім ек,

Ұлдар легі шетінеп,

Сынбасақ та дауылда,

Сиреп қайттық ауылға.

Қайта алмаған бауырлар

Қайтты жыр бол ауылға.

Шинель киген өлеңдер —

Мәңгі жасар өрендер.

«Жас қазақтай» ән — өлең —

Мәңгі өлмейтін Төлеген!...

Абдолла — жыр, асыл жыр,

Қайсар ұлан — Қасым — жыр.

Сапта ұдайы Сәйн — жыр

Дауылдарға дайын түр...

Құшактап жас бөбекті,
Қайырымды жүректі
Елдесім тұр Берлинде.
Өр тұлғасын көрдің бе?!

Отан бүтін, ел аман,
Қуанышты ер оған ..
Оқ әтпейді өлеңге,
Жыр батпайды тереңге.
Саңлақ ұлдар сапта тұр,
Солдат жырлар сапта жұр



ЖОЛДАР, ЖОЛДАР

СИПАТ

Жолдар—ашық алақандар,
Көгілдір түн, ала таңдар.
Қарлы боран, тұнжыр тұман,
Кәміл сенім, бұлдыр күмән.
Қымбат олжа, қалың шығын,
Жанға жаймас жанның сыры.
Баршын жас пен қыршын өмір,
Думанды той, тынышу көңіл,
Удай опық, тәтті жеміс,
Өгіз аяң, сәтті келіс.
Жақын дәме, алыс арман,
Албырт қайрат, алысар жан.
Адал достық, талған өзек,
Бейнет, рахат... алма-кезек.

ШИЫРЫ ҚҰРСЫН!

Жолдың

Қиырына жолықтырсаң да,

Сордың

Тұйығына жолықтырсаң да,

Айналма қойдың басын жегендей

Мені шиырыңа жолықтырма!

Жетермін

Қиырына, «Мың өлсем де,»

Өтермін, тұйығына тірелсем де.

Доңгалак тепкен тындай ғып,

Өтінем

Шиырында зорықтырма!

Жол айтады

Жолдың да дұрысы бар, бұрысы бар;

Жолыңды жөндеп таңда — дұрысын ал.

Жолдың да түзігі бар, бұзығы бар,

Жолыңды жөндеп таңда — түзігін ал.

Жолдың бар мерейсіз, данқтысы,

Таңдайды тарих-сырға қанық кісі.

Өзіңе бақыт табар жәнінді бақ,

Өзгеге бақыт сыйлар жолыңды тап.

Пайымдау

Қызық қой тағдыр:
Сапарға әр бір
Көктем боп барып,
Егінің егіп,
Күз болып қайтам,
Жемісін теріп.

Жол айтады

Бір-ақ рет жетеледі мені адам,
Сол себепті қарыздармын мен оған.
Мен жетелеп келем со бір адамды,
Адастырмай, аралатып ғаламды.

Майдан жолы

Оқ селдеткен жау ДЗОТ-ы.... Со бір шеп
Алты аттам жер... о да ұзак жол еді.
Кияметтің қыл көпірі сол еді...
Одан өтсек, өлмейтіндей көруші ек.
Одан да өттік, не көрмейді жұмыр бас?
Дәм таусылмай, жұмыр бас та жығылмас.

Сұрағылда сазды кешкен жан дәрмен,
Біреулер жүр, төсін ұрып бәлденген...
Қан кешкендер,
Жан кешкендер-мықтылар
Сын сағатта тізе бүкпей, тік тұрап.
Оқ астында жеңіске жол ашқанын
Бақырмай-ақ, шақырмай-ақ үқтырадар.

Жол айтады

Ей, адамдар, сақалсыз да сақалды!
Ұмытшаққа тірлік сыны қатал-ды.
Қағас етсең өнегесін өткеннің,
Қаптатасың болашаққа қапаңды...
Ұрпағына тыңдан тұңғыш із салған
Ұмытпаймын соқпағымды—Атамды.

Жол анасы

Көмескі бірінші адым. Екінші із,
Үшінші, төртінші адым... Жетінші із...
Алғашқы із... Ізден сүрлеу. Сүрлеуден жол
Жол-жырдың тармагындай.

Біз өзіміз
Соның нақ авторлары секілдіміз.

Үмітін үзбекен соң...

Отыз бес жыл етсе дағы ортада,
Оң қабағы тарта ма?
«Ұлым келіп қалар ма екен?» —
деп жорып,
Қара жолдан кез алмайды қарт ана.

Осы жолмен жеңіскерлер оралған,
Өрендері оралғанда жоқ арман.
Жол бойында пілтеленген үміттер
Бір өшпейді...
Қайдасындар, жігіттер
Хат-хабарсыз жоғалған?!

Жол айтады

Таусылмасын табаның,
Шағылмасын тауаның,
Менің басып жоныма,
Сонылардан соныға,
Кезіксе де қандай бел,
Ей, адамзат, шарлай бар!

Жолға айтамын

Құлдилаудың еңіске
Қойшы, тәйір, жеңіс пе?!

Сескенбейін көрінген,
Көрінбеген өріңмен.
Маңдайымнан тегілген
Шаңыңды бас теріммен.

Жол арнасы

Ертектегі сиқыр жіптей жол басы —
Тағдырымның тізгініндегі жалғасы.
Менсіз жол жоқ,
Жолсыз мен жоқ.
Жол — адам,
Адам — жол.
Жол — тарихтың бұрық-сарық арнасы.

Арттағым мен алдағым

Арттағымнан алдағым көп сияқты
Алдағымның мұнары жоқ сияқты.

Қалай?

Қашан?

Неліктен? .

Маган бұлдыр

Өзім іздеп табамын жоқ сұрақты.

Арттағымнан алдағым мол сияқты,
Асу-белсіз, теп-тегіс жол сияқты.

Үрейімді үшырар кейде менің
Өшіретін әкпемді өр сияқты.

Енді аңқау аптығып асықпастай
Қымбат санап арзанды, асып-таспай,
Қызыумнан айрылмай, қыза түсіп.
Қиын десе, құлшынар ғашық жастай.

Мұның бәрі өзімді қайрау үшін,
Сен де кейде осылай ойлаймысың?

Жол айтады

Бір жақсысы — бұған кәміл наныңдар —
Өзімнің де соған әсте таңым бар:

Жолмен жүрмей, күннен, көзден тайсақтап,
Жонмен жүрер түн жамылып залымдар.

Қара ниет біреу егер жонымнан
Басып өтсе, мен намыстан қорынам.
Жер қойнына түсіп кеткім келеді,
Жиіркенгенде озбырлар мен обырдан.

Өзіме айтамын:

Жер түбі ме, жақын ба:
Жету—мұрат. Жол алда!..
Орта жолда аһ ұрма,
Орта жолдан оралма.

Сүрін, жығыл, жер тырна,
Екі аяқ пен екі қол!
Өр қырандай ұмтыл да,
Діттегенге жетіп өл!

Атамның батасы

Қайда барсаң, алдыңнан ақ күн тусын,
Жігеріңнің желкенін шаттық бұрсын,
Өмір жолың қаншаға созылса да,
Ең соңында нүктे бол Даңқ тұрсын!

Жол айтады

Алдыңдағы аққан ойдай жосыған,
Сүрлеу соқпақ шорт үзілсе осыдан,
Санын соқсаң кемерінде шатқалдың,
Минутында жүрек шоршып, шошиған,

Қалма айырылып, алақаның тапса жа,
Үмітінің қыл арқаны ұшынан.

Ағалар мен інілер

«Хан тәңірі» Айға жақын жерден де,
Арман болған арыстандай ерлерге.
«Шығайыныш шың басына мен де!» — деп,
Қалтырайсың тәуекелге төнгенде.

Тұғанинан соң адам болып жараптып,
Әркімнің бір «Хан тәңірі» бары анық.
Соған сені соқтықтырып жеткізер,
Өз сүрлеуің — өзің ашар жаңалық.

Дарига-ай...

Тіріні жол талайға жолықтырар,
Тірлік — жұмбақ. Шешуін сол ұқтырар.
Қара жердің үстінде қапылышсыз
Кім бар екен салтанат толық құрап?!

Қолайым жақпаса...

Жатырқатса үйімнен,
Жаңылдырса қызулы бір күйімнен.
Әлдилесе де жанымды,
Жаратпаймын жол-сапардың сыйын мен.

Жан аяғы баспайтын, жана спайтын
Бір-ақ жол бар — «Күс жолы»...
Иә, бар-ды...
Жұрт бұған таласпайтын
Дәуекестердің өзі де жақ ашпайтын.
Гагариннің жолы әне ғарыштағы!
Көзсіздіктің көреген қарыштауы,
ој жетпес алыстағы
Арманның ақиқатпен қауышқаны!

Тұнгі сапар

Тұн.
Көсіліп,
жер бауырын жазады:
Кең толғауға кеңістік мол—ғажабы.
Арғы-бергі он ғасырды сапырып,
Айырасың алдамшы мен тазаны.

Тұнгі сапар ой шұқыры, жары көп,
Көз ұшында жылтылдайды жарық от.
Қапа күдік-қорқау қасқыр қамалар,
Қайткенде де нысанана жарып өт.

Жыр жолы және ..

Қырдағы жолды,
Жырдағы жолды
Атапты қазақ
Бір сөзбен онды.

Жолындай қырдың
Ғұмырды ғажап
Жолына жырдың
Тілепті қазақ!
Өмірдің жолы —
Өлеңнің жолы,
Өлеңнің жолы —
Өреннің жолы.

Жол бойында ескерткіштер

Күре жолдың, қара жолдың іргесі,
Өткен сайын көретінің күнде осы:
Батырлардың бізге бақыт сыйлаған
Ескерткіші... құлпы тасы .. мүрдесі...

Тоқтай қал да,
Бәркінді ал да,
тәжім ет!

Өшпес рухын жүргіңе жазып өт.
Қара жолдың, шалғындықтың іргесі,
Өткен сайын көретінің күнде осы:
Батыр да емес,
Ақын да емес,

Адам бол

Өмір кешкен ата-анаңның мұрдесі.
Тоқтай қал да,
Бәркінді ал да,
тәжім ет!

Өшпес рухын жүргіңе жазып өт!

Өлілер мен тірілер

Өлілердің өлмей тірі қалуы —
Тірілердің еске жіңі алуы.
Өлілердің өлмей тірі қалғаны —
Тірілердің еңбегінің жанғаны.
Өлілердің жасай берер тірлігі —
Тірілердің туын жықпас бірлігі.

Өлілердің жер бетінде барлығы —
Тірілердің жасампаздық нарлығы.
Өлгендердің өмір жолын тануы —
Тірілердің жеңімпаздық қаруы.

Айырылышу мен қауышу

Киянның сайын аттап,
жолын кесе,
Түйыққа тірелсе де,
шегінбесе,
Бірінің атын бірі білмесе де,
Қосады жолдар жұртты көбінесе.

Жонында домалатып Күнді ілгері,
Алысқа алып кетіп бір күндері,
Достан жол айырады —
білмегенге
Бар қадыр-қасиетінді білдіреді.

Жонында домалатып Күнді ілгері,
Алыстан алып қайтып бір күндері,
Досына досын кенет қосады жол —
Бетінен шөпілдетіп сүйдіреді.

Жол тілеуі

Тарам-тарам талшығындаі түбірдің,
Қара жердің түбірлі
Қан тамыры бұлк-бұлк соққан бүгінгі
Мына меммін!

Парызымды білемін,
Планетаның соқтырамын жүрегін!..
Қан ішуге дәніккен.
Қаныпезерлер
Тілеуімді кеспесін,
Таптамасын танктер,
Тәнімді оқ теспесін!..

Жолдас тауып береді жолдар

Сүйкімдірек қаны бір қарындастан,
Ғұмыр бойы зар қылар табылмастай
Дос болады... жан серік сондай дос та
Жолығады жолында сен байғұсқа

Кемеңгер қарттың кеңесінен

Ізгіліктің жолы ұзак,
Михнаты көп жалғыз-ақ!
Көргің келсе қызығын,
Таңда жолдың ұзынын.
Жақсы қалар жадында,
Ұмытарсың бұзығын.
Мадақтарсың мәндісін,
Жалғастырып түзігін.

Сүйгөн жарға

Жолықтырган сенімен
Жолға мың бір рахымет!
Серт байласқан сеніммен
Қолға мың бір рахымет!

Шаңғы салсаң сонарга

Балам соңда. Мен алда...
Ынтықкан соң сонарга,
Тартып келем қиялай,
Тоқтата алмас боран да.

Деміктірсін өр мейлі,
Сонда да сыр бермеймін.
Ереді ұлым бусанбай,
Алысты ауыр көрмейді...

Естілгендей бір даудыс,
Шақыргандай сын-намыс:
— Әке сызған әлгі жол
Өшпейді емес мәңгі сол.

Сен өзің де тек терді,
Ал қияла бектерді!
Сал шаңғынды соныға,
Ерт кішіні соңыңа.

Елге барып қайтқанда

Қымбаттан қағас үйкүшік...
Қиянға өзім құштармын.
Бұйырмас жерден жол түсіп,
Биыл да елге үш бардым.

Қарттардан дәріс алдым да,
Тамамдал қайттым үш курс...
Лапылдал өрттей жандым ба,
Бұлқынды бойда күш-құрыш.

Айтарым саған

Өмірімнің өзім өтер жолдарын —
Қия-құзын, өр-өңісін, жондарын...
Тамырымның бүлкілімен өлшеймін,
Ойларымның серпінімен өлшеймін,
Сезімімнің лұпілімен өлшеймін.

Ежелгі үміт... «Ертең тағы өсемін»,
Аз ба-көп пе: енді қанша кешемін?!..
Шотқа қақпай жұрттың ғайбат-өсегін,
Сен шығара жатарсың, дос, есебін...

Досыма құлаққағыс

Алыс-жақын сапарда,
Асыгулы аптығып,
Шапқылаймыз жапанда
«Уақыт» деген ат мініп.

Бұл не деген «жануар»
Болдырмайтын борсаңдап!
Тарта берер,
жалынан
Сыпрылып қалсаң да.

Ойқастасаң, ойқаста!
Өмір шолтаң, шын келте,
Боламын деп тым ерке,
Қойып кетпе қойтасқа!

Ду-дырдууды заң етіп,
Есіргенде еркелер —
Бұ тірліктің әдеті
Еркелерді желкелер.

Жол айтады

Кетеріп кекке басымды,
Келденең кектеп асуды,
Ұнатам Құнғе тартқанды,
Шыңдардан шыңды басуды.

Ленин жолы

Ленин жолы — жақсылық, жарық жолы,
Зорға жеткен, зарығып, халық қолы
Бақыт қолын созады Құнғе қарай,
Тағдырының кілтіндей танып оны.



БІР СЕН ДЕП...

ТҰТАСТЫҚ

Тағдырдың жүрміз
Дәмін татып күнде,
Халықпен мәңгілікке уақыт бірге.
Сол уақыт серігіндей Лениннің,
Ленинмен халық бірге, бақыт бірге.

* * *

Аңсағандай ғашығымды
Тұла бойым құштарлық.
Елге арнаған асылымды
Төсеймін де шпалғып,
Қос рельс — мұраттарым —
Адастырмас арқаным.
Өмір — поезд зулатқаным,
Өрлей алға тартамын!

КОММУНИСТ СОНДАЙ!

Коммунист болу —
Азаматтық парызы
Ленинше ұғыну,
Күрестерге
Әрі қиын, әрі ізгі
Жұмысшыдай жұмылу.

Коммунист болу —
Адамзаттың жолда алыс
Арманына ұласу:
Космосына
Ғалым ойдың болжағыш
Королевше жол ашу.

Сұғанактықпен
Сықамайды сарыла,
Сараңдықтың
Сандығына ақшасын...
Мәпелер сол бағыбан
Достық — жүрек бақшасын.

Оған
Жат әсте
Ай сияқты өзгеден
Нұр дәметіп, күн көру...

Мұраттастарға —
Бар мақсаты көздеген —
Жарық сыйлар Күн болу!

Коммунист болу —
Көпті көрген кексе ме,
Әлде ұлан ба балғындау,—
Ол сөз емес —
Өзі күйіп кетсе де,
Шындықты отқа шалдырмау.

Коммунист — Адам —
Қолдаса еңбек баласын,
Қуанады со ғұрлым,
Улгісімен
Тұтандырса санасын,
Қасындағы он бірдің.

Оған

жат әсте
Ай сияқты өзгеден
Нұр дәметіп, күн көру..
Мұраттастарға —
Бар мақсаты көздеген —
Жарық сыйлар Күн болу!

* * *

Тұған елді лайық неге теңермін?

Елім — Емен:

жапырағымын Еменнің.

Тұған жердің нәрін жұтып,

нұр құшып,

Еменімнің арқасында көгердім.

Шалқып Емен жайқалады менсіз-ақ,

Еменсіз мен .

қайтіп құнім көрермін?!

ҰРАН ТӨБЕ

Бейғам баяу арылып балалықтан
Дала жанын кезімде жаңа ұққан
Көрдім мен көп төбені Сыр бойынан
Жер-ананың мәңгілдей қарауытқан.

Жалаңдаған жонғардың обасы емес,
Жер қүшқан жас қыршының моласы емес.
Төбелер ісіп шыққан қыр төсіне
Толас еш таппаганда талас-егес.

Қазақ қыры кең болса қашалықты,
Жау пейілі тарылып соншалықты,
Қызыл көздер қиянат оғын жонып,
Қозы көрген көкжалдай тамсаныпты.

Сан-сапалақ анталап сырт қыырдан
Төнбесін деп түмен қол тұтқылдан,
Қолдан тебе орнатып қадау-қадау,
Амал ойлап тауыпты жүрт қылнан.

Қатер сесі сезілсе алаңдатқан
Оқ өтінде қолма-қол алау жаққан.
Құлақтанып қалың ел атқа қонған,
Жолатпай жатты ысырып жалаң қаққан...

Заманның бұраң-бұраң ағымында,
Сүнгіген ыза-кеткен жаны мұңға.
Ұрпақтар ақ алмастай алма-кезек
Шыңдалған сол оттардың жалынында.

Ғажайып Асар тәбе, Ұран тәбе!
Уақыт қана болатын бұған төре.
Сәтінде салтанаттың, сын сағатта
Жалынды жырмен ақын шығар тәбе.

Өздерін өргек санап өзгелерден,
Кейбіреу кекірейіп сезбегенмен,
Көрінер көре алғанға көш ғасырдан,
Өзім де қиқулаймын ез тәбемнен.

ШАМШЫРАҒЫ ӘЛЕМНІЦ

Тыныштық құшағынан таң атады,
Тұп-тұнық, тамылжыған дала таңы.
Тсілтырып кекірегінді аппақ нұрға,
Жаңа күн жақсылығын таратады.

Қырмызы ту арайлас таң атады,
Дүниені өзіне қаратады.
Сипайды көгершіннің арқасынан
Сәбидің кіп-кішкентай алақаны.

Күншығыс қызыл нұрға боялғанда,
Таңертең тысегінде оянғанда,
Москва әкең болып елестейді
Мұратты мақсатынды қояр алға.

Москва — асқақ ойлар астанасы,
Москва — ленинизм бас қаласы.
Тарихтың тыңын тіліп, жол тартады
Осында жаңалықтар бастамасы.

Советтік Алтын Заңың қасиеті
(Қасиет — планета бас иетін!)

Көгерткен көсегесін еңбекші елдің
Лениннің жүзеге асқан өсиеті.

Жетелі жете таныр өмір парқын,
 Советтік өмір салты — жеңу салтым.
 Бір үйдің баласындай бірлігі бал
 Барлық ұлт Одақтағы менің халқым.

Ғұмыры солғында пас оты нұрын,
 Алтын Заң Бас кітабым — оқулығым.
 Бәрі де адам үшін, сенің үшін —
 Бақыт тап. Еңбек ет те, тоқы білім.

Москва — қас пен досты айыргандық,
 Москва — досқа деген мейірбандық.
 Москва — маяқ бүкіл дүниеге,
 Советтік ерлік жайлышты жайылған жыр.

Москва — көреген де, кесем қала,
 Лайықты «Фазиз анам!» десең ғана.
 Кремль жұлдызының көз алмайды
 Арманшыл ойшыл ұлан, өсер бала.

Мекенің шалқар дала — дарқан дала,
 Аңдамас дала парқын аңқау ғана.
 Келемін Ленинге мен
 алғысыммен—
 Келемін қызыл гүлмен қаңтарда да.

Москва жамылмайды түн қарасын,
Москва жолатпайды мұң наласын.
Москва тыныштықтың күзетінде
Софыстың болдырмайды зілзаласын!

Тыныштық құшағынан таң атады,
Түп-тұнық, тамылжыған дала таңы.
Толтырып көкірегінді аппақ нұрга
Москва жақсылығын таратады.

ОКТЯБРЬГЕ ОДА

Құрестің Қызыл туын тұған ұстап,
Лениндік партиядан құрган штаб.
Өзіңдей азат еткен өзгені де,
Қаһарман жұмысшы тап — гуманист тап.

Осы тап—өзі сарбаз, өзі сардар,
Сол тапта кесемге тән тезім, бағдар.
Дабылын Октябрьдің дәл қаққандай,
Дамудың бет алысын түзу барлар.

Октябрь—ертеңім мен еркім менің!
Мен сені жырға қоссам, желпінемін.
Шабытты маған достай ертіп берер
Көктемдей безендірген көркін елім.

Октябрь — талмай тартқан тарих кеші,
Октябрь — мәңгіліктің әріптесі.
Октябрь — қайта тұған халықтардың
Жасарып, жаңаруы, әліппесі.

Халықтар — бүгін ортақ өмірлестер,
Мұраттас, армандастар, сенімдестер.
«Артық,— деп,— қан туыстан жан
туыстық».

Үдере, өрлей тартқан шерулестер.

Ежелден ақын ойлы ер қиялы
Болжаған алдан жұмбак бел — қияны.
Білменті «Жер ұйықты» іздеп жүріп.
Бақытың қандай екен өң-сияғы.

«Іркілмей ғарыштың да алысынан,
Адамды оздыратын дауысынан
Кемемен,— десең,— ұлың сайрандайды»,—
Бабалар нанар ма еді сағы сынған?!

«Құйттай зат, кәдімгі зат тамам елді,
Жарыққа қарқ қылыш жанады енді,
Қонады адам Айға...»— десең кеше,
Абай да, өзге түгіл, нанар ма еді?!

Октябрь — талмай тартқан тарих көші,
Октябрь — мәңгіліктің әріптесі,
Октябрь — қайта туған халықтардың
Жасарып, жаңаруы, әліппесі.

* * *

Галстукты балалық
Күлкісіндей халықтың.
Жайылатын таралып
Жарқылындай жарықтың.

Жастық дәурен — жас ұрлак —
Халқымыздың жаңа әні.
Жастық дәурен — жас қуат
Жаңғыртатын даланы.

Күш-қуаты ортаймас
Шамырқанған шабыттың,
Кемел ойлы орта жас —
Құдышеті халықтың.

Жасымайтын жабығып,
Жасаратын жаңғырып,
Халықта жоқ көрілік,
Өмір нуы мәңгілік!

АРҚАНЫҢ АЯЗЫ

Тозығы жеткен бұйымдай
Тат басып кеткен жез табақ —
Сияқты қыстың күнін-ай:
Кідірмес оған көз-қарақ.

Көмескі ғана қызырып,
Жақлаған пештей жылусызы...
Бойыңды сырттан сыз қарып,
Қақтырар дедек тынымсыз.

Теректер әлпақ түктеніп,
Жуандап шілік бұлғақтар.
Сиырға судан сүт беріп,
Суаттың бетін бу қантар.

Жаздағы кербез қораз да
Қонақтап отыр құнысып.
Ұялмайды екен аязда...
Өлгісі келсін кім ұшып?!

Тауықтар шілде күнінде
Кекетер еді-ау күлісіп,

Жабысып бірі-біріне,
Өздері жаурап, бүрісіл.

Бетінен көрсем де картаның
Құшашаққа келер орағым.
Сағынам Сары Арқаның
Аязын, қарын, боранын.

ТАҒАТ

Көнгерлі, салмағы бар таудай тағат!
Оны сөгіп қомсыну болмай ма ағат?!
Тағат шіркін өлшенер ғұмырыңмен,
Тағатты өлшей алады қандай сағат?!

Ұшқалақтық таптырмас табатынды,
Ұшқарылық қырқады қанатымды.
Жоқтың өзін іздеймін бар етем деп,
Тағатыммен шыңдаймын болатымды.

Мен байғұс көз жұмғанда айтар халық:
«Тынымсыздың бірі еді—жаңа тынды...»

* * *

Кешегім — бұгінгіге қам қылғаным,
Уақыт қасқырына алдырғаным.
Бұгінгім— мардымсымай малданғаным,
Сонда да кешегімнен жаңғырғаным,
Тосын бір көрген түстей оқшау, жаңа
Тың шаттық сыйлайтындай алдымдағым

МЕН ДАЛАММЕН ӨЛШЕЙМІН ТАҒДЫРЫМДЫ

Бетке алып Сатылыны, Күреңбелде
Қосылып қиялымда жүрем мен де....
Өзін елдің ұлымын дейтін жандар
Туган жерін түгелдей білем дер мә?!

Шөлдеймін де Көксудың мәлдіріне,
Үздігемін даланың мол гүліне.

Атансам да тарлан боз топты жарған,
Көз тігемін құлышақ тел күніме.
Той — тойлатқан өжендей осы Даала!
Ой ойлатқан атаңдай осы Даала!
Баласындай жоғалтып тауып алған
Сол дала құлымымдаш тосып алар.
Мен даламмен өлшеймін тағдырымды:
Маған дос сол Даланың досы ғана.
Қызған жарыс, мәңгілік бәйгідемін,
Құлагымда Даала үні: «Кесіл, бала!»

* * *

Көңлімнің Даала десем, хошы кірді,
Даласыз ойларымның көші мұңлы.
Көжектей жымға кірген күбжеңдемей,
Ұнатам еркін шалқып, кесілуді.

ТОЛҚЫҒАН ӘНІМ ТОРҒАЙЫМ

Толқымын бейне теңіз Торгай десен,
Торғайдың тірлігі бар таңдай әсем.
Торғайдың тогайлары қандай ойлы,
Торғайдың өзендері қандай шешен.

Адалдық Амангелді тіккен тудай,
Сұлулық Нұрхан ақын төккен жырдай.
Дән таулар Алатаудай асқар биік,
Тартады Торғай көркі беккен нұрдай.

Ақыл мен кеңес — қартта, өнер — жаста.
Артыңа өшпейтіндей бедер таста.
Торғайдың топырағында тудың екен,
Бұл жерде орайың жоқ ер болмасқа.



КӨҢІЛ КҮЙЛІ
ДОМБЫРА

ҚАЛАМЫМ

Қаламым —
Өрмелеген қияға
Он бес жасар талабым.

Қаламым —
Аясына әлемді
Сыйғызатын жанарым.

Қаламым —
Жалпақ дүние алдында
Жарқырайтын жамалым.

Қаламым —
Есімімді өлімге
Алдырмайтын қамалым.

* * *

Өскен елім — қазагым!—
Ләzzатым мен азабым!
Сен дегенде жасарып,
Сенің үшін тозамын.
Күйемін деп қаймықпай,
Күнге қолым созамын.
Қосылғанда бәйгіге
Өз арқаңда озамын.

* * *

Күй мен қобыздай,
Ән мен ауыздай
Біз біргеміз, жан достым!
Үй мен шатырдай,
Жыр мен ақындай
Біз біргеміз, жан достым!

АРМАН

Арман — ләззат.
Қарт та, жас та құмармыз.
Арман — азап.
Ашысына шыдармыз.
Арман — асқар.
Аспанынан төнерміз.
Арман — бақша.
Миуасынан терерміз.

* * *

Туға біткен асқақтық,
Құлға біткен жасқақтық—
Түйспайтын жат ұғым.
Пасықтық пен ұлылық,
Күйкілік пен ірілік —
Жуыспайтын жат ұғым.
Достық пенен өштіктің,
Беріктік пен бостиқтың
Ауылы алшак, батырым!

ДИАЛОГТАР

I

- Білдірсең де ойыңды өз сөзіңмен,
Дүниеге қара
халық көзімен!
- Өке кезі көз бола ма балаға?
- Бауырым, олай аңқау — қиқар қарама:

Кейде жарап қалады ғой—білем де —
Біреу киген көзәйнек те біреуге...

2

- Қалай қандай шақтарда
Шығады екен қырғын батыр, тетен ер?
- Намысина шапқанда,
Нардың жүгін
нәзік тайлак көтерер.

І Н І Ш Е К:

— Кішілердің тобына
Күйбендеңемей барасың.
Су құяды қолыңа,
Төрде сыйлы ағасың?
Осы қалай?

А Ф А С Ы:

— Сол жастардан сұраңыз:
Соққаным жоқ уағыз.
Сөз бен істі бөлмедім,
Бар білгенім сол менің...

І Н І Ш Е К:

— Үлкендердің төріне,
Іркілмей-ақ шығасың.
Інідейсің кебіне,
Ишарасын ұғасың.
Осы қалай?

А Ф А С Ы:

— Жақсысынан үйрендім
Алдыңдағы ағаның.
Аға жолын сүйгендін:
Сүйгенім жоқ табанын...

ҚАЖЫМҰҚАНМЕН ТІЛДЕСҮ

Белдескеніңнен жығылу—өлім күйіндей,
Жадырар кім бар,

қабағы бұлттай түйілмей?

Жығылғанына өкінбепті ғой естілер,
Теңдестерің де қағыпты үстін, күйінбей.
Алыпқа біткен,

халыққа біткен

Ересен

Құдіретіңе өте алмапты-ау сүйінбей.

* * *

Жазылар үйден бір хат, жолдан әр хат,
Хат жазсаң, қалады бар шерің тарқап.
Өлең-жыр — о да хат қой....
айырмасы.

Өлең-жыр болашаққа жолданар хат.

Жазасың әр хатында бар шынынды,
Ағынан ақтармаққа жан сырынды.
Ірікпей көкейіце келген ойды,
Сарқылып ойламайсың таусылуды

Анаңа сәлем жолдап ауылдағы
Аяйсың саргайғанын, сарылғанын:
«Көп сез де қарт кісіге жүк болар» деп,
Жазасың ойдағыңың нәрі барын.

Өлең-жыр қарт қастерлей, жас сүйетін
Секілді туған әке өсиеті.
Тастауға болмайтындей бір әрпін де,
Осы ғой өсиеттің қасиеті!

ӨМІР — БӘЙГІ

I

Жанымның жапырагы—балғын балам!
Жасадың асқар шыңға алғыр қадам.
Көз тігіп осы сәтте саған дағы
Қарайды ақсақал тау,
даңғыл далаң...

II

«Сынға түсіп өз нарқынды білу де
сый-сыбага»— деп бағалар күнінде
Ортанышмады өрендердің тобына
Қостым әкеп дұлы бәйгі-дүбірге.

Тәуекелдің тәттілігін қараши!
Құдікпен де жатқан жоқ ол санаып.
Әкесінде — менде ес жоқ, зәре жоқ,
Құбірлеймін, көңіліммен бал ашып.

Құр сыртынан қызықтаушы көрермен
Тәріздімін...

Онда не түр дегенмен,
Қиқу шықса, делебені қоздырар,
Біреу ғұрлы көтермелеп берем мен.

Таңдап мініп, танауратып құр атты,
Өзім жүйткіп келе жатқан сияқты.
Тыныршимын,
отырып-ақ белмемде
Дүбір жаққа түріп қойып құлакты.

Болса егер кәрі тарлан әйгілі,
Алар еді-ау шаптай-ақ та бәйгіні...
Құнан да емес,
бұғанасы қатпаған
Құлымнымның әлі балғын тай күні...

Тақ осылай сыр білдірмей достарға,
Құс қанатты Құлагерін қосқанда,
Ақан ағаң алабұртып, абыржып,
Мен сияқты мәре үстінде тосқан ба?!

Сын оқай ма:
сіңірің де созылар,
Ұлы жолда кермек тердің өзі — бал,
Қиын сынды қыынсынба, жан балам,
Өмір — бәйгі!
Өз жүлденді озып ал!

ҚЫСҚА ЖІПТЕЙ

Мынау тірлік бір-ақ сабақ жіп бейне,
Жібі барлар жаңа кесте тікпей ме?!

Қиқы-шойқы қиқалакқа салсаң сен,
Күрмеуіңе келмейді ғой жіп кейде.

Түйілмесін, үзілмесін жібіміз,
Жіп түйілсе, ажырайды жігіміз,
Жіптей әзер күрмеуіңе келетін
Сол ғұмырдың қадірін сіз біліңіз.

75-КЕ БАЙАЗЫ
Ғабит Мұсіреповкө

Қаламмен күндіз жортып, түн қатады,
Құндайды, сез баласын құндатады.
Бар оның тауда шыңы, құмда талы,
Бар оның ғасырларға тыңдатары.

Қинайтын қолға ұстаптай,
көзге ілінбей
Қыын не салмақтауға сез кеніндей?!
Бір мысқал ауытқымас, ауытқытпас,
Бұл зергер аптеканың безbenіндей.

Өнердің тәтті азабын татып түсін,
Самғатсаң сез дейтүғын уақыт құсын,
Державин алдындағы жас шәкірттей
Сынына түскеніңе бақыттысың.

Өсірсең гүл орнына сез сояуын,
Дегейсің көпті алдадым, көз боядым.
Ағаңдан жегеніңше сез таяғын,
Өзіме тисін дейсің өз таяғым.

БАРҒАН САЙЫН АУЫЛҒА

Барған сайын ауылға
Серуендеймін салт атпен.
Сұрасады бауырлар:
«Сен салт атты солдат па ең?»

Қайта бала боламын,
Мейлі жас не қарт десін.
Өз анамдай даланың
Аймалайын ақ төсін.

Хош иісті жұпарын
Жүздеген гүл, мың шәптің
Кеуде кере жұтамын,
Мен сол үшін жол шектім.

Маң даламның кеңдігін
Көшіргендей қеудеме,
Еңселенсем мен бүгін,
Ерсі көрсін ел неге?

Ақын болып сүйініп,
Әнші болып шырқаймын.
Жырға айналсын құйылып,
Мың шаттығым, жұз қайғым.

Қызғанғандай даланы
Өзге түгіл өзімнен,
Сұқтанып та қоямын,
Жеп қоярдай көзіммен.

Шаппақ тұрмақ желмеймін,
Ұнатамын аяңды.
Өте шығып журмейін.
Болсын бақыт баянды!

Ашық аспан тәбемде,
Бозторғайым, биікте.
Шақырады өлеңге,
Шабыттанам үйып мен.

Асын мана түсірген
Жеңгелерім тымпындал.
Жүрген шығар
 ішінен
Қайнисына бұрқылдал.

Кетер дейсің дәм қайда?
Асықтырма, аяшым!
Сағынам ғой шалғайда
Сары адырдың даласын...

ЖАНАЙ ӨТСЕМ СОЛ ҮЙДІ...

Қайнікей ескерткішіне

Мынау үй жалғыз қабат жатаған үй,
Дей көрме: «Бұйырған ба атадан сый?»
Көзі емес әкемнің де, шешемнің де,
Бұл үй деп тартылмайды қападан күй.

Құнім жоқ қызын іздеп, қырындаған,
Тойын да көргенім жоқ дуылдаған.
Бір кесе су татпадым бұл үйден мен,
Атымен белгісіз-ді бұрын маған.

Бақыттан бұл үйдегі кеш тугам ба?!
Бұл үйге тарта алмадым достық арна.
Біреуін тұрғынының танымаймын,
Тұрмайды онда жақын еш тумам да.

Білмеймін біреуінің есімін де,
Бір рет қаққаным жоқ есігін де.
Терінде тербелгендей тал бесігім,
Өзіме ыстық неге осы күнде?!

Жанынан жанай өтсем жалт қараймын:
Ізімен жылжыған жыл, аққан айдың

Шарқұрам жер бетінен жоғымды іздең,
Өзім де тұңғиыққа батқандаймын.

Осыдан — ұмытпадым — бес жыл бұрын,
Қаз-қатар келе жаттым кешкі құрым.
Тұсынан өте бере үйдің әлгі
Тыңдал ем дімкәс ақын-достың жырын.

Жайғандай жап-жалаңаш жан жарасын,
Жасырмай ата шерін, жар наласын.
Батырдың сағы сынбас сабаздығын
Жырлаған оқып еді балладасын.

Ол айтса оттай қарып күйдіретін,
Найзадай озбырларға шүйлігетін.
Ант берген адалдыққа ағалардай
Қызыл ту шашағынан сүйдіретін.

...Жасында таяқтатып желкелеткен
Тағдыры бертін иіп, еркелеткен:
Ұстатып сенім туын — елі туын —
Қалың қол жас қауымға серке де еткен.

Өзі де алғыр ақыл, отты жүрек,
Жақсылық шарапатын көпке тілеп,

Қияға құлаш сермей құлшынатын
Өнерпаз өжеттен де өктемірек.

Тым ерте ұшырды ажал: қаламы ұшты,
Тие ме тұлғалыға оқ көбірек?!

Улкеннің бейғамдығы зор бола ма,
Ұмытып өз басын ол — өткен түлек!

Өнері көзге түсер кемелдінің
Орыны күнгейінде келер күннің...
Оның да өз сезі бар ортасында.
Қазақы өр мінезді өлең-жырдың.

Осыдан — ұмытпадым — бес жыл бұрын
Қаз-қатар келе жаттым кешкі құрым.
Тұсынан өте бере үйдің әлгі
Тыңдал ем дімкәс ақын-достың жырын.

АНА ҮШІН

Мал қайтқанда өрістен,
Шаңы шұбап қалатын...
Әсем қимыл-келіспен
Апам сиыр сауатын.

Ылғи бұзау салатын —
Идіретін мен едім.
Апам тостақ алатын,
Тоспай тұрып шелегін.

Иіген соң, сол шақта
Апам сауа бастайтын.
Иінді сүт тостаққа
Жайлап тама бастайтын.

— Жарқыра,— деп,— жұлдызыым,
Тілек те еттім, құлыным!
Ойын бағып күні ұзын,
Жүдеп кеттің, құлыным!

Сен бір аңқау құлынсың,
Ақылыңа түсе гой.
Бетіңе қан жүгірсін:
Иіндіні іше гой.

Аш қалардай нәр татпай
Алаңғасар шіркіні
Күйбендейтін таң атпай,
Шығып апам шыр-пыры...

Қайран ана ұдайы
Шырылдайды-ау бала үшін...
Не жақсылық, құдайым,
Жасадық біз ана үшін?!

ДОСТЫҚ — КҮН

Бір жылғы төл, айналайын Олжеке!
Бұл тірлікте бақыт жеке, сор жеке.
Ал бірақ та
Достық ортақ ежелден.
Аз өмірде екеумізге сол жетер.

Достық барда сыбағаң да еселі:
Азырқанған бақытың да өседі.
Достық барда даңқың кетіп алысқа,
Жанбай өшер жаттың ғайбат-өсегі.

Достық барда айтар сөзің көшелі,
Тақсіретің тартылады кешегі,
Ортақ қайғы өршімей-ак өшеді,
Ортақ шаттық еселеніп өседі.

Өршілдік те бар ғой бізде, Олжеке!
Жайымыз жоқ сары уайымды қоңсы етер.
Достық — Күн ғой қолымыздан көтерген,
Шұғыласы бәрімізге мол жетер.

СӨЗ КҮДІРЕТІ

Сөз — сабаның көнесі.
Сөз — сандықтың іштісі.
Сөз — тарихтың шегесі,
Сөз — жансыздың күштісі.

Сөз — жандының мықтысы,
Уыттысы уыттың.
Сөз — наизаның ұштысы,
Ең мәлдірі сұйықтың.

Сөз — зерденің зерегі,
Сөз — құрлыстың берігі.
Сөз — керектің керегі,
Сөз — уақыттың серігі.

Жүргегімнің алауын
Сөзге орап берсем ше?
Қағаз төзбей, қарагым,
Өртенгенің көрсөң ше?

АТА-АНАНЫҢ АРМАНЫ

Қипақтайды қит етсе анаң, әкең:
— Қайтсем ғана осыны адам етем?
Басқалардың осындай балалары,
Тап осындай жаңғалак, шала ма екен?
Ойын емес,
оллаһи,
біздікінің
Енжарлығы — елде жоқ — ала бөтен...

Туа сала тұлпардың жалын тартқан,
Қыргиларға қызығып, қарал етем.
Жарық сыйласп маңына, жылу сыйласп,
Бұ да бір күн алаудай жанар ма екен?!

Ел қатарлы елеулі еңбек етсе-аяу,
Болмаса да топ жарған дана тетен,
Мүші тістеп, мықтылар той жасаса,
Жерге қарал, мен сорлы, қалар ма екем?..
...Үміт пенен күдіктің ортасында,
Ата-ананың жүрегі талады екен!

БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЫ

«Әке — сыншы балага — мінін көргіш,
Ашық хаттай бала да сырын бергіш.
Бұрынғыдай бұ қүнде бала бар ма,
Айтқанына әкенің қырын келгіш

Улкендердің бағушы ек қас-қабагын,
Ділмәрінің дәмді сез бастағанын.
Агадан соң табаққа қол созар ек,
Әдептілік қазаққа жастаи мәлім»...

Еститінің күнде осы оңашада,
Әлде бірге барсаң да тамашаға.
Бізге соқпай өтпейді әке-шеше,
Дачадағы жуаны санаса да.

Ізет сақтап жүреміз біз, үндемей,
Мынау қисық, мынауың түзу демей.
Үндемей-ақ жеңеміз...

қайтеді олар,
Ұлым демей, беле ме қызым демей.

Табылса да мін деген неше бізден,
Кем түспейміз әке мен шешемізден.
Бойдағы жаманымыз... жақсымыз да...
Солардан ғой. Осылай өсеміз де!

ҚАЙ КҮНІ АҚЫН БОЛДЫМ МЕН?

Бір бұзылса көңіл-рай үясы,
Көздің жасын онда қалай тыясың?!

Қағазыма көлдеді де көз жасым,
Баттастырыды жазғанымның сиясын...

Осылайша жаздым тұңғыш жырымды,
Тектім жырға сырымды да мұнымды.
Он төрт жасар ақын байғұс өлсін бе,
Өкінішке о да төзбей жығылды.

Тырнады шер

Қаң жосыған жарамды,
Мен ол күні жоқтап едім анамды,
Тоқтап қалар ма екен деп жүрегім,
Зарыққаннан соза бергем зар әнді.

...Оған дейін сүрінсе де атым көп,
Қуанбадым деуге сол күн хақым жоқ.
Қасіреттің баласы едім:
Содан да
Мен со күні шықтым білем ақын бол.

* * *

«Қан туыстан әлдекәйда жақынбыз,
Қадір бірлер дос-жаранбыз, татумыз» —
Деп жүруші ең...

Неге жұртты алдадың...
Ұға алмапсың, жан жүргегін, арманын.
Ауырғанда көңілін сұрап бармадың,
Кез жұмғанда топырақ та салмадың.

Жанмен,

тәнмен ұғысу да — ақырет...
Кекімей-ақ: дос едік деп, тату ек...
Кекімей-ақ: дос едік деп, жақын ек,
Жүректерге жол талқанға рахымет!

ОҢАШАДАҒЫ СЫР

Дүниеге мен сенсіз-ақ келгеніммен,
Сенсіз мен тыңдырар ма ем мол ісімді.
Сенсіз мен кеңейтер ме ем қонысымды,
Сенсіз мен соза алар ма ем өрісімді.

Екі жан, екі жүрек болсақтағы,
Сенсіз мен гүл тере алмас шығармын-ау,
Сенсіз мен күн көре алмас шығармын-ау,
Сенсіз мен шын өле алмас шығармын-ау.

ЕКЕУМІЗ...

Санасаң да жеті рет,
Бір паракта екі бет.
Бір қағаздың екеуміз,
Екі беті екенбіз.

Санасаң де жеті рет,
Бір медальда екі бет.
Бір медальдың екеуміз
Екі беті екенбіз.

Тағдыр қосқан екеуміз,
Татулықпен бекембіз!

ЖОЛ ШЕТИНДЕ ШОПАН ҚАРТ

Қоймас уақыт — қатал ғой —
Жаз рахатын үзбеуге.
Таудан түсіп отар қой
Келе жатыр күздеуге.

Із түспеген шүйгіні
Қара жолдың қапталы.
Соныға қой шүйіліп,
Жарыса кеп қаптады.

Маңқ етпейді Майлыаяқ,
Шұбар қүрең тұсаулы.
Көзіменен қойды орап,
Шопан қарт тұр... тұс ауды.

Сагалап жол жиегін,
Алға созып иегін,
Тұрады ол күні ұзак,
Таяғына сүйеніп.

Ата салтын ардақтап,
Бұрылып кеп бейтаныс
Сәлем берсе, қалбақтап
Қарт айтады мың алғыс.

— Танымаған айып па:
Қай жердегі баласың?
Арқа, Алатау, Жайық па —
Қайда беттеп баrasың?

Көнерген мен жаңаның
Бәрін сұрап біледі.
Ертеңгі сол болады
Әңгіменің сүреңі.

Алда-жалда бір кезек
Өтсе біреу елемей.
Көңілі пәссіп сол мезет,
Өзін санаар ол өгей.

— Әттең!.. — дейді ішінем,
Қисыны жоқ жүдеуге.
Бүйтер ме еді түсінген,
Әлде асыққан біреу ме?

Жас ұлан ба жасынан
Әз арманын көзеген?
Өзі құтын қашырган
Қаңғыбас па кезеген?

Қанатында шаттықтың
Келе ме екен той тойлап?
Неге мұнша аптықты:
Өксіді ме ойбайлап?

Түрі де жоқ оған сын
тағарлықтай бұртындалап...
Барады ұзап жолаушы —
Жұз құпия, мың жұмбак.

Елеппін бе тас тағдырдың сынағын,
Он төрт жасар досым өлді — жыладым...
Аңыраған анасына
Апамнан
«Қалай көңіл айтамын?» — деп, сұрадым.

Шақырды Отан он сегізде ұланын,
Шепте тұрдық: шегінбедік бір адым...
Жауды барлай бара жатып, сержанттан
«Тілді» қалай түсірем?» — деп, сұрадым,

Директорға не дарыным ұнады:
Өзі ұсынды бір мансаптық құлағын...
«Әлі жаспын, көпке қалай сөзімді
Тыңдатам?» — деп,
Қарт әкемнен сұрадым.

Ойда жоқта қара қызға жолықтым,
Ұқсамаса да тәніріне керіктің,
«Осы менің — бақыттым!» — деп қорыттым,
Тарс жоғалтып алам ба деп, қорықтым.

Отау болып шыға келдік қос күрең...

Опығың жоқ отаса алсаң естімен.

«Сүйейін бе, сүймейін бе?» — деп, толқып,
Ақыл-кеңес сұрағам жоқ ешкімнен...

АСҚАРЛЫҚ ПЕН АШЫҚ КҮН

Атын қойғам Алтайдай өр болсын деп,
Өмірдегі сапары оң болсын тек.
Биіктерді биіктеп ысырмайды,
Тең-құрбымен қызығын тең белсін деп.

Атасының түңгыш үл немересі,
Қуаныштың кеңейтіп кенересін,
Жас білімдар атанып, Отау тігіп,
Үмітінді ақтады деген осы!

Ұзақ күттік сарғая бұл күнді біз:
Қанбайтындаи арманға ындынымыз.
Тағдырға да айтамыз шукір ана:
Жарқырай тұс қос-егіз жұлдызымыз!

Алтайым, Сәулешінің асқары бол,
Асқарлықты азсынсаң, аспаны бол!
Сәuletай, Алтын күн бол Алтайыңа
Ізгіліктің нұрынан шашқаны мол.

Бірін-бірі табады жаны асылдар,
Теңін тапқан жастардың бағы ашылар.
Қос кегаршын жұбындаи татулықпен
Жаратылыс гүліндей жарасындар.

КУЗГІ ЖЫР

Жаңбырымен, желімен де дабырлап,
Жылуын күз шығындайды шағында.
Десе де, күз қанша қатты болайын,
Күн бүгін де жайма шуақ шағырмак.
Сейте тұра қоңыр салқын біракта,
Сызы бардай келе жатқан жырақтан.
Бастықпаған бала мінез жеңілтек:
Күз құбылмай тұра алмайды бір апта.
Түске шейін қамзолыңмен жүргізер,
Түстен кейін шапаныңды кигізер.
Тасұр-тұсыр тасты ұрғылап сел жауын
Тамшысына тамағыңды сүйгізер.
Дән толтырып ұлкен ортақ қамбага,
Күз қолыңа ұстатады балға да:
Қора-қопсың бүтін бе еді? — дейді күз,
Қамсыз қалма, күндер бар деп алда да...
Күз — халықтық бақылаушы баршага,
Емтиханшы, сынағы бар сан-сала.

ҚҰЛАН ЖҮЙРІК

Қалижан Бекхожинге

Шыңдан шырқа, мейлің сен қырдан құйғыт
Жеңіп алмай, тынбайсың дудан сыйлық.
Бусанбастай қолтығы ғұмыр бойы
Боз тарлансың — қынсың құлан жүйрік.

Көрген жоқсың құйбендең жер бауырлап,
Дүбірлете үдейсіз өр дауылдан.
Сілтегенде туған жер топырағында
Сүрінбейсің, сүрлеусіз жолды ауырлап.

Бәйгі десе, халқында көз қырағы:
«Кім озады, оздырып мәз қылады!»
Сірә, құлан жүйріктің құдайлышы —
Делебесін дүйімнің қоздырары!

Мен де бармын сол түйдек арасында,
Қиқу шықса, қызына шабасың да...
Жыр шіркіннің жоқ әсте жазық қыры,
Біз біргеміз ақ түтек тау асуда.

Көпті қын қуанту, қуану да.
Жастан қолға үйрендің ту алуға.
Қызығынды қоса бер, жүлдегерім,
Дүниенің дүбірлі думанына!

ҚИЫРШЫҚ ҚАР

Жұлдыз тармақ, жылтырақ,
Қиыршық қар таласып,
Қалықтайды құлдырап
Бір-бірімен жанасып.

Бір-бірімен жарасып,
Сыбырласқан сияқты
Иықтарға қол асып,
Жымыңдасқан сияқты.

Сыбырласқан сөздерін
Естігендей құлағым.
Күлім қаққан көздерін
Көргендей бол тұрамын.

* * *

K. Махметке

Өзінен кейінгіні баласынып,
Әдете қарайды ғой аға сұлық.
Қырық бес шықты алдынан ақыл айтып:
«Кішінің қадірін біл, бағасын ұқ!»

Деп жүріп «дос інісі — маган да іні»,
Сездірмей сызданыппын оған мұны.
Ғұмырда көп қатемнің біреуі осы,
Санаптың кішілігін балаңдығы.

Шиырлап шытырманын бұл тірліктің
Мен бәлкім кешеуілдеп бүгін ұқтыйм:
Қалыпты-ау аға болып ағаларға,
Жаңылмай ізетінен ғніліктің.

ҚҰЛАҚ ПЕН БАС

Су сүзіп, ел аралап,
дала көріл,
Тау кезіп,
қырда тұнеп,
ара қонып,
Еркелеп ере жүріп ұлкендерге,
Құлақты көп жеп едім бала болып.

Бұл күнде бас мұжиміз аға болып,
Еркелік бірте-бірте барады өліп.
Құдай-ау,
бас мұжуден артық екен
Баяғы құлақ жеуің бала болып.

Сыбага тату қын шала бөліп,
Еркелік бірте-бірте барады өліп...

МЕЙІРБАНДЫҚ

Дәрігер Г. Султановага

— Дәрігерге сенбекен
Сенбейді ғой дәріге.
Кәміл сенем мен деген
Ем-домының бәріне.

— Туасы сол дарынды
Емдемейді дәрімен.
Ол емдейді жанынды
Мейірбандық нәрімен...

Естігенде айып жок,
Дейді екен ел осылай.
Жырламасқа жайым жок,
Жұрт сезіне қосылмай.

Жанын жалдал елді емдер
Диқаш қызы Гүлшара.
Алдына оның келгендер
Атанбайды бишара.

Бұған, сені емдесе,
Кезің жетер біршама.
Гүлшараны ендеше
Бауырыңмен бір сана.

* * *

«Қыстың соңғы күні,— дейсің,— бүгін сен».
Менің әлі
Көңілімде ақ боран.
Оймен сұзіп өткеніме үңілсем,
Көп екен-ау, жоғым кеп-ау таппаған.

«Бүгін кектем соңғы күні»,— дедің сен.
Менің әлі
Көңілімде сал самал
Жасыл күнім өтті ғой деп егілсем,
Жетер ме едім арманыма аңсаған.

«Жаздың соңғы күні,— дейсің,— бүгін сен»,
Менің әлі
Көңілімде күн шуақ.
Отзыым мен қырқыма бір үңілсем,
Қор болмаппын, қайратымды мың сынап.

«Күздің соңғы күні,— дейсің,— бүгін сен»
Менің әлі
Көңілімде сұр тұман:
Киялыммен ертеңіме үңілсем,
Жалын іздең, жаным бүгін шырқырап.

КӨЛ МЕН МЕН

Маралдыға бармасам,
Таусылады тағатым:
Лықа толы әрқашан,
Ортаймайды сабаты.

Маралды-көл әрқашан
Сусынмыз қанатын,
Кел, іше бер қанбасаң,
Орта түспес сабаты.

Неге екенін білмеймін
Кеміп барам күнде мен.
Демен «көлмен бірдеймін»,
Бірақ көлді күн демен.

Қысқа өмірде уайымдаң,
Мен пендемін терген ой...
Көлге жомарт табиғат
Ғасырлардан берген ғой.

* * *

Қасиетімді қайсың барсың байқаған?
Аңдамасаң, мен өзім-ақ айта алам!
Шыбық алсам әз халқымның қолынан,
Шынар етіп, шынар етіп қайтарам.

Қасиетімді қайсың барсың байқаған?
Білмейтінге мен өзім-ақ айта алам.
Дән алам да әз халқымның қолынан,
Миуясын ұсынамын қайтадан.

Қасиетімді қайсың кәне байқаған?
Білмегенге үнсіз ғана айта алам:
Шәкірттікке алып ауыл баласын,
Ұлығатты ұстаз етіп қайтарам.

Қасиетімді халқым өзі байқаған,
Киындықтан шегініп, бас шайқаман.
Сөздің бүрі,
көптің сыры орнына
Солмайтұғын жырдың гүлін қайтарам.

* * *

— Шанышты,— десем,— жүргегім,
Бір ағай маған күледі.

Алпыстан ассаң қайтер ең,
Боркемік екен сүйегің.

— Сырқырап, сыздап буынным,
Мазам жоқ,— десе бір інім,
— Елуге жетсөң, қайтер ең,—
Деймін мен,— қара шірігін!

Қарама жасы азына,
Айтады о да әжуда.
Өзінен кіші ұланға:
— Қартаймай,— дейді,— қажыма!

...Әркімнің жасы өзіне
Көрінер таудай көзіне...
Үлкендік жасап күле бер
Кеш тугандардың сөзіне.

ҚАРАТАУҒА ҚАРАП

Адам жасы шақтаулы,
Жыл санаулы бұйырар.
Сонда да өмір мақтаулы,
Орайың жоқ бұйығар.

Қарашы әне шыңына
Қаратай тұр тас түйін.
Қатал уақыт сынына
Қалт етпестен қасқын.

Тарландардың өзі де
Таудай ұзақ жасар ма?!

Ет жүргегің езілер,
Соны ойласаң қашанда.

Атта, бауырым, алқынбай,
Ажалды ойлап босамай.
Қаратайдың даңқындай
Атың ұзақ жасағай.

ЖИЫРМА БЕС

Өтебай Қанахинге

Жиырма бес құрық тимес нағыз асай,
Дүниеде жоқты бар ғып, аңыз жасау.
Бұла күш-бұрқыраған боран тасқын —
Тік қойып диірментасты жалғыз қашау.

Қараашы жиырма бестің қыргынына,
Уақыт езі оралар шылбырына:
Жиырма бес кемел ақыл,
кенен дәрмен,
Саяды бар шаруаң тындырымға.

Жиырма бес —
құрбандыққа шалынғалы
Қуанганағашық қыздың жаныңдағы
Асылып мойының ағатайлап
Кеудене бетің басып, жалынғаны...

Демеймін салақпын-ау, олақпын-ау,
Жанымда жаман батқан ағат мынау:
Мен сені, жиырма бесім, құдайым-ай.
Еір емес, екі қайта жоғалттым-ау!

Сырқап қалып дәрігерге көрінгенде,
 Мұсіркеп дейді маган:
 — Көңіл демде!..
 Дүние ағып кетсін,
 су бол кетсін.
 Қарама шашылғанға,
 төгілгенге.

Елпілдеп, ес жимаған жас балаша
 Толқыма, тебіренбе көрінгенге.
 Жүйкеңе жүк түсірме...
 тең-құрбыңың
 Сонда сен көп жасайсың көбінен де.

...Оп-оңай соның бері сез-ау саған?!
 Тозсам мен, тыныштықпен тозам содан
 Мен өзім жыр жазғанда толқымасам,
 Қалайша оқушыма қозғау салам?!

ҚЫСҚЫ АУЫЛДЫҢ КӨРІНІСІ
Қыдыркелдігे

Қысқы да拉...

кешкі мәлдір тыныштық.
Салқын ауа самалынан сімірдік.
Маралдың станциясын көзге ыстық
Артқа тастап,
онға шұғыл бұрылдық.

Құлдилап жол құлай берді кілт бірден
Панорама шымылдығын ашқалы:
Түсті кино кадрындай

Ауыл көркі бері жылжи бастады.

— Қарашы әне

Қараңғы ымырт ішінде
Қатар-қатар терезелер шуақты
Шамы жанып, кең үстелдің үстінде
Сайрап тұрган транзистер сияқты.

Алыста — көздің ұшында —
Ап-айқын еді адырлар.
Жап-жаңа ғана осында
Көріп ем айқын,
бәрін дәл.

Әйнектей тұтқан қос шілтер
Буалдыр тартты жаңбырдан.
Шегініп әрі қашты жер,
Айрылып қалдым адырдан...

Бусандан әлгі әйнектей,
Көңіл де кіrbің тартады:
Қол жетпей,
 ол ма, ой жетпей,
Үзілер арман арқаны...

* * *

Қараймын балалық шақ сәттеріме,
Рас онда сәт кемі де,

«Қап!» көбі де,
Есейген махаббатпен көз салғандай
Бастауыш мектептегі дәптеріме.

Бастап жүр балаң жылдар
«Жаман» ырым:
Жігітке сәуле төгер саналы ұғым.
Мен әке атансам да үш балага,
Ұстаз бол айтады ақыл балалығым.

Үйір бол жәнді-жәңсіз үйретуге,
Оп-оңай жас көңілді қүйрету де:
«Мұндайда бала кезде қайтіп ем?» — дед,
Өзімнен сұрап алам үлгі етуге.

Пискарев бейіті мен Мамай қорған...
Пер-Лашез...

Марс даласы...
Қалай толған?!

Сыйлатып арттағыға аруағын
Бұрғызған аттың басын талай жолдан?

Алдыңғы кейінгіні толтырады:
Өлілер бейітінің топырағы
Әдетте тірілердің
дамыл-дамыл
Бірлікке басын қосып отырады...

АҚЫНҒА АҚЫН АҒАЙЫН

Азия, Африка елдері жазушыларының Алматыда өткен V конференциясының шетелдік озық өкілдеріне.

Танымас ек біріміз-бірімізді,
Кешер едік, біліспей, күнімізді.
Достық атты жайлаудың кең төрінде
Табыстырды әр елдің жыры бізді.

Әлімсақтан ағайын ақынға ақын,
Күрескерлік рухың — затың жақын.
Жасын болып жайраттың зұлымдықты,
Көрген жоқсың оғыңды қапыл атып.

Сіріңкенің күлденген басыменен
Абақтыда жазылды асыл өлең.
Жігер сыйлап халқыңың жүрегіне,
Қапастарды бұзды жыр, тасын егеп.

Жер бетінде қиянат, қорлық барда,
Жер бетінде қанау мен зорлық барда,
Ақын жаршы басатын аңы айқайға,
Шын ақынның дауысы қарлықкан ба?!

Жер бетінде алі де бір адам аш,
Жүрсө әлі бір пенде тыр жалаңаш,
Маза болмас ақында, маза болмас!
Сергек ақын кірпігін іле де алмас!

Мембрана — ақындық сезім егер
Мұқалмаса,

оыйқ — от,
сезің — ерен...

Ақын достым!

Өр шабыт-беймазалық
Тілейтінім саган да, өзіме де!

ӘДЕБИЯНЫҢ ӘНІ

Баянтау, менен қазір алыстасың...
Сонда да көңіл неге алыстасын?!
Сағыныш сарғайтады сарғалдақтай
Жылдарым аққан судай ауысқасын.

Түсімде ғұлін құшсам, қырларыммен
Қиялым күнде қалай қауышпасын?
Қыз күнгі тақиямның үкісіндей
Көремін үлпілдеген қамыс басын.

Дәм жазып бара қалсам Баянтауға,
Табар ем көзді жұмып таныс тасын.
Көзімді жұмсам, көңіл айнасына
Көлбете Жасыбайын тау ұстасын.
Төбемде шырылдасын бозторғайың,
Тереңнен әупілдегің дауыстасын.

Гұмырын жыр еткенде кәрі-жасың
Бұхардың толғауындай тауыспасын.

Көгіңді, көңілді де бұлт жанамай,
Құн тұрсын «Ақбетіңнің» шалып басын.
Баян тау, қазір менен алыстасың...
Сонда да көңіл неге алыстасын?!

* * *

Ақ шыныдай аппақ қана өпкен нұр
Көздің жасы таза дейсің мәп-мәлдір.
Тұнықтығын, кірсіздігін қайтеміз?
Көз жасындай кермек емес қай теңіз?
Жай теңізде кеме жалдаپ жүземіз.
Көз жасынан не тауып не сүземіз!

Жау оғының өтіндегі
Жауынгердің бекімі еді.
Омыраулап отқа кірер,
Қымсынбайтын өкім еді,
Өзге батыр сияқты о да
Қылымсымас дәкір еді.
Ақылға да асқар-биік,
Айлагана да жетік еді.
Талмау жерді табатын дәл,
Шарт сынатын шекігені.
Қас-дүшпаны айбынатын,
Ол ауырса той қылатын.
Бетпе-бетке шыдамайтын,
Қарасынан қаймығатын...
Кешеу қосып өлеңіме,
Әттең кешеу жайдым атын.
Бетховен — шаш, арыстан — бет,
Жаны — әділдік, қарысқан кек.
Еске алады ел де дәйім
Жауыздықпен алысқан деп.

СОДАН ҒОЙ...

Таба алмай дәл атауды тосылған кез,
Бір пенде ұқтырмаған мәнін маған,
Ғұмыры құлагыма шалынбаған
Тың сөзді айтып салам тосыннан тез.

Қазақтың оралмаған қаламына,
Қыруар томдардан да табылмаған,
Тың сөзді айтып салам тосыннан тез,
Таба алмай дәл атауды тосылған кез.

Қырық жыл тілдің майын шағып жүрген
Білмейтін академик ғалым ағам
Тың сөзді айтып салам тосыннан тез,
Таба алмай дәл атауды тосылған кез.

Таба алмай дәл теңеуді тосылған кез
Тың сөзді айтып салам тосыннан тез.
Ақ сүтпен бірге дарып бойымызға,
Бәлкім ол қанымызға қосылған сез.
Содан ғой Ана тілі дейтініміз,
Сол тілде ақыл кіріп, ашылған кез.

Жаздың қанық бояуын
Жаңбыр шайып жуды ғой.
Күзде кәркі семгенін
Көріп, қырды аядым:
Әсемдіктің өлгени
Әркашанда мұңлы ғой.

Көрген соң буырыл шашымды,
«Жасыңыз,— дедің,— нешеде?
Асырып айтсам жасымды,
Жастығым, сірә, кеше ме?
Кемітіп көрсем расымды,
Жылдардың ізі өше ме?

Күнім бар татыр бір жылға,
Жылым бар айға татымас.
Жібімес ынжық, болжырға,
Уақыт қандай қатыбас!

Болғанмен бір жыл он екі ай,
Он екі ай бір жас емесін.
Түсіндім мен де, бөлетай,
Кешкен соң тірлік егесін.

ҚАРА ТЕҢІЗГЕ ҚАРАП ТҮРҮП...

Жағалаудың жатқанымен шетінде,
Қара теңіз табаныңың астында,
«Аяғыма бас үрдү!» — деп, лепірме.

Кылыш қызып,
ұшып түскен бастың да,
Иілдіге саналмайтын сәті бар...
Теңіз суын еңкей-дағы, татып ал.

* * *

Тегін емген анасының ақ сүтін
Ойлап жатқан ол жоқ әлі мақсұтын.
Мамық төсек, майда жастық, тыныш төр.
Қысы жаздай жайдары күн, жақсы түн.

Соның бәрі мойнындағы несие.
Несиесін ескертеміз несіне?!

Несиесін өтемесе ескенде
Ол білер ме болмайтынын кешуге?

«Сүйеу бол да үлкендер мен кішіге,
Сүйел болма туған жердің төсіне». —
Ата-ананың ақ тілеуі, батасы
Әр қашанда соны салғай есіне.

ПӘКТІК

Далаға шыға келсөң, жаңа тұрып,
Құн жалтыр,
шыны мөлдір ауа тұнық.
Пәктікке шақырғандай адамзатты
Пәктікten бар табиғат жаратылып...

ҚАРАГАЙДА ДОМБЫРАНЫН САЗЫ БАР

Бейнелеп бере алмастай мың том мұра:
Көңілге шаттық сыйласп,
мұң қондыра,
Қарагай сыңғырлайды құлақ түрсөң,
Құдды бір күмбірлеген мың домбыра.

ДОНГАЛАҚТЫҢ ӘНІ

Мен бармын
көкте,
суда,
қырат-қырда,

Мен бармын
самолетте,
тракторда.

Қолыңда сагатың боп сыртылдаймын,
Шегіне жетпей тынбан жырақтың да.

Ежелгі дәп-дәңгелек доңғалақпын,
Бел астым,
тауға шықтым,
сорға баттым.

Еңіске еңкейгенде салдырлаттым,
Жазықта
майдағана жорғалаттым.

Мезетте тоқтай қалсам жорғаламай,
Тіршілік тыныстайды онда қалай?
Күн көріс қыны
бүгін доңғалақсыз,
Мен айнала берейін өрге қарай,
Мен дәңгелей берейін алға қарай!

ЕКІ КЕЗЕҢ

Бала кезде аға досым көп еді,
Солар мені сүйемелдеп, жебеді.

Тауға өрмелеп,
табанымды тілдірсем,
Сөгіп мені:
«Сумұрынсың!» демеді.

Кемел жаста іні досым көп менің,
Жауратпайды,
tosады да от лебін.

Ентікsem де,
екпініне елігіп,
Талай асу,
қияларға беттедім.

КЕЛЕШЕККЕ КӨШЕТИН КЕШЕГІЛЕР

АҚЫНДЫҚ ҚАДІРІ

Ұлы жырлар өз тілінің
Аясына сыймайды:
Қамқор ойын, ізгі сырын
Адамзатқа сыйлайды.

Әрбір халық үн қатады
Ақынының тілімен:
Адамзатқа тыңдатады,
Ұғысады ділімен.

АЛЕКСАНДР ПУШКИНГЕ ҮШ НЕЙ.

I

Саған шексіз сый-құрметін көрсетіп,
Мені халқым аттандырды елші етіп.
Ал елшілер келеді ғой Tipіге
Тауыспаған өмір жолын өлшетіп.

II

Ұлылардың алды деген оңай ма?!
Кішілерді санатына санай ма?
Келгендеймін кемел Пушкин тауына
Өз атымнан емес,

еңгі орайда.

Оған әсте шамданар да, ойым жоқ,
Келгендеймін атқосшы бол Абайға.
Теңін айтсам,
Тебіреніп Пушкин де
Маган мойнын бүратындаі қалайда.

III

Бойшаң ұлы,
ойшаң құлы құдайдың
Қарағайдан
Ақын жайын сұраймын.

Екі жүз жыл жасаған бұқарағай
Пушкинменен сырлас өскен баладай.

Білетіндей, қарағайға аяндай
Заман мұңын толғағаны Бояндай.
Самсаған қол кернеп Сенат алаңын...
Тігеді ақын көнілінің жанарын.

Дар астында бес армандас... бес бейне...
Ақын жүрек ақ патшаға кешпейді...

— Айтты,— деймін.— Қандай еді ол езі?
Отты ма еді? Откір ме еді мінезі?
Дегендей бол: «Ел қамқоры! Ақ иық!..»
Тербеледі, басын ағаш сәл иіп.

АБОВЯН

Қыңқ демес ер құлыш қиса өз басын,
Елі үшін жылап, жасырмаган көз жасын.

Армения азасы мен наласы —
Абовянның жүргегінің жарасы.

Жетіп ойы,
Жетпей қолы арманға,
Жұмбақ түнде «Хош!» айтқанда жалғанға,
Тарал-тарал асқаралы тауларға
Армян үшін ауа болып қалған ба?!

* * *

Максим Горькийге

Жетімек ем, тағдырдан күтіп бағын,
Арасында жаугаңдал жүрген көптің...
Күннің көрдім сол күні тұтылғанын,
Көз жұмғаныңды мен сенің білген жоқпышын.

Дүниеге шын ақын келген күні
Бір жадырап Дүние, жаңара ма?!
Күн тұтылып,
шын ақын өлген күні
Жердің үстін қасірет жаба ала ма?!

ЖАМБЫЛ ЖӘНЕ ЖАНДОСОВ

(Баллада)

Зер қадірін зергер біледі.
Халық даналығы
Қалатындай қаны ұйып,
Қанат қақпай ақ иық,
Шамырқанбай, шағымбай,
Шайын да ішпей дұрыстап,
Найзағайлы қара бұлт
Төңгенімен жаңа күрт
Жауа алмаган шағындай
Сап-сау белі құныстап,
Ақын жатыр құрыстап...
Сергектікке кіді қас
Сексен сегіз — сүмдық жас —
Темір торсыз бір қыспак,
Жанышты ма уыстал?!

Ешкі де жоқ, қой да жоқ,
Қолқысқалық ойда жоқ,
Уайым-мұзы басқада:
Соғылғандай маңдайы
Тарқап кеткен тойға кеп,
Шабытсыз шақ ақынға —
Тарс бекулі тас қора.

Қаңтарулы домбыра
Тасырқаған дұлдулдей,
Көңілге мұң қондыра
Күңіренбейді, күмбірлей.
Қырғи тілін тияр ма,
Қымбаттысын қияр ма:

Өлең шіркін үйлігін,
От басына сияр ма?!
Шайын да ішпей дұрыстап,
Жырау жатты құрыстап.

Кеше де сол, бұгін сол,
Бұрмегендей бұрын сор:
Іш құсасы меңдеді,
Ешкім елеп келмеді.
Ешкім пейіл бермеді.
Ұмытты ма ел, тегі.
Кімге мұңын шертеді?

...Жүрек кейде жүрекке
Жырақтан-ақ үн қатар:
Тоғысып бір тілекпен
Бірін-бірі тындалтар...

Ақын десе, жыр десе,
Асын жерге қоятын

Жаны сусап шөлдесе,
Жырдан табар тоятын
Ораз аға сол күні
Тебіренді — толқыды.
Нұсқаушыны алдына
Ол шақыртып алды да,
Терезелес теңіндей
Сырын шертті, керілмей:

— «Менің пірім — Сүйімбай,
Сөз сейлемен сыйынбай» —
Дейтін ақын қайда жүр?
Дауылпаздай қайда жыр?
Шен-шекпенді шұбар тес,
Шынжыр балақ шақардан,
Қиянатышыл қанқұйлы
Қызыл көзді қаһардан
Қаймықпаған қашанда,
Әлеуметке еңбекшіл
«Алтын тәте» атанған.

Жамбыл қайда? Бүгін де
Көрінбейді қатардан.
Кәрі тарлан қызынбай,
Қалай жым-жырт жата алған?!

Шағы ма екен
кіріптар
Кәрілікте мatalған?..

Майбұлаққа барып көр,
Майталманды тауып бер.
Андал сөйлес ақынмен,
Алматыға алыш кел.
Жеген төлдей шытырды
Жас нұсқаушы шытынды.
Кейде адам мініне
Үндемеген ұтымды...
Қара Эмкамен ауылға
Жөнеп кетті шабарман.
Ораз отыр мамырлап
Ой-нүктеге қадалған:

—Мың ауызға татыған
Бір ауыздар дуалы.
Қадірменді халқы да
Соны тыңдар қуанып.
Жұз үгітші сабылтып,
Жүргірткенше қыирға,
Бір ақынды шақыртып,
Сайратсақшы жиында...

...Кірбің көңіл
Эмканың

Келе жатып үстінде
Арлы-берлі жортады
Алуан ойдың ішінде:
— Ақынды әкім менсінбей,
Әкімді ақын теңсінбей,
Кер заманин керегар,
Қилаптығын кере қал.
Суға тұсіп өлсең де,
Суыққа ұшып өлсең де,
Қайтсін сені ұлықтар,
Өзіңді-өзің көмсөң де...

Ұлық түгіл, «Ел!» деген
Ұран шашқыш Алаш та
Шақырып бір көрмеген
Мынау Ұзынағашқа.
Жарты патша, құдірет
Күбірнәтір бір рет:
«Ақ патшаны мақта» — деп,
«Пірезіпті жақта» деп,
Алматыға алдырыған.

«Қайтардың,— деп,— меселді»,
«Тыямын,— деп,— кеселді»
Маған кісен салдырған.
Ойда жоқта әкім бұл
Мені қайдан шақырды?
Тасыр мінез біреу ме
Тәлкек қылмақ ақынды?

Адам тілден татады,
Кімнің мынау шатағы?
«Өрттен қалқан табылар,
Өсекке жоқ тосқауыл» —
Осы сөздің жаны бар,
Әурелер ме босқа бұл?
Жоқ деймісің сүм жауыз,
Женіл ойлы жел ауыз,
Күншіл пигыл, кер ауыз...
Сырттан мені жамандап,
Тор құрды ма амалдаپ?

* * *

...Сәлем — сөздің анасы,
Сөз — көңілге баспалдақ:
— Ассалаумагалайкөм!
Абыз ақын, әз ағам.

Көкірегінде қоздаған,
Сексеуілдей маздаған
Көзіңде тұр (кеш деме)
Жастық қайрат ажары.
Әлі ешкім кешпеген
Алдында жыр базары!
Көрілікке жығылма,
Қон қайтадан тұғырға,
Тау қыранша дүр сілкін.
Жыраулардың басысын,
Кене қайнар аршылсын,
Жаңа бастау ашылсын,
Таудан құлай жыр шіркін
Ағыл-тегіл тасысын.
Дана сезге даңғылсын,
Әлі жастан алғырсын.
Жұртың отыр сағынып,
Даусың қайта жаңғырсын!

Ақын — елдің еркесі,
Өрге тартар серкесі.
Арғы-бергі ғасырдың
Енді сырын шертесің...
— Тілің қандай майда еді?!
Бұған дейін қайда едің?

Айналайын көзіңнен,
Ораз балам — ораздым!
Кәрілікпен өзім де
Әлімсақтан аразбын!

Жайсаң балам Жандосов!
Сөнеріме жеткенде
Шырағыма май қосып,
Шаршағанда әл қосып,
Желпінермін демеп ем...

Қолтығымнан демеген
Рахымет жылы сөзіңе!
— Біз — кәдімгі әкімбіз,
Сіз — қадырлы ақынсыз.
Не біледі безерген,

Ел айтады ежелден:
«Әкім — бір-ақ жүрттықі,
Ақын — барша ұлттықі».
Сіз секілді гөзелден
Сол шындықты сезем мен.

Екшеп жүрдек жылдарын,
Ішке түйіп-жиганын

Ірікпеді Жандосов
Көкейіне тұнғанын.

Жымып қарт тыңдады.
Жырлап кетті тағы да:
— Откір алмас шағында,
Шабыт барда жанында,
Білемісің әріден
Жамбыл қанша жырлады!
Қалған шығар әлі де
Онша-мұниша жүрнағы...—

Бүге білмес сыр сақтап
Толқыды Ораз тағы да:
Сүйіп алды құшақтап,
Ырза болып шалына.
Көпті көрген жырауың
Қыран қанат қияғын
Жая қалса,
 бар әлем
Құшағына сиярын
Әлі ешкім де, әлбетте,
Білген жоқ-ты ол сәтте.

Қайта тауып, шарқұрып
Бүкіл қазақ халқының

Жаңа жанған бағы үшін
Ленинге ұлы алғысын
Жырмен орап, шалқырын
Әлі ешкім де, әлбетте,
Білген жоқ-ты ол сәтте.

Сына жаздал боранда
Қайта бүрлер бұтақтай,
Апаттардан аман қап,
Ашылмаған кітаптай.

Томағасын сыпрып,
Үлгірмеген сұңқардай,
Бәйгісіне жұтынып,
Қосылмаған тұлпардай.
Жанар таудай бір тынып,
Әлі тұрған бүрқанбай...

Бұкіл дүние сағына
Құлақ түрер сөзіне,
Биік мерей тауына
Шырқап шығар кезіне
Жамбыл беттеп барады...
Ту сыртынан дананың
Жаны жайсаң Жандосов
Сүйсіне ұзак қарады...

ЕСТАЙДЫҢ ӨСИЕТІНЕН

Әні мен жырдан тапқан қос тоятын
Жездемдей жақын еді Естай ақын.
Шаршы топ, ұлы жиын, ән-бәйгіде
Жүлдесін алушы еді қоспай атын.

Бір жылы ел аралап ала жаздай
Томпаңдаپ, қасына ердім, бала қаздай.
«Тағдырым домбырасын қиды,— дейтін,—
Бақытын махаббаттың маған жазбай.
Ғашықтар көңіліне дық түсірмей
Артымда опа-адалдық қалар азбай»...

Жақсы да рас екен жаттық жоғы,
Мандайға басылғандай пәктік мөрі.
Есіркей еркелетті Есағамызы
Көзімнен көрді ме екен өткір шоғын.

Сап-салқын сары қымыздан татып жатып,
Бұп-бүйра насыбайдан атып жатып,
Қазақша қара сөзбен сөйлей алмай,
Мәтелден, тақпақылдал, нақылдатып,
Өзі де оны андамай,

Аландамай

Өлеңді төгуші еді лақылдатып:

— Ұғып ал жас кезінен
Тіл азабы ауырын.
Жерде қалар сөзінен
Елде қалар сөздерің
Молдау болғай, бауырым!..

ӨЛМЕС ӨНЕГЕ

(Плияс Жансүгіровке інілік ізет)

Оқ жүйрік, құлан шабыс,
 қыран намыс
Өкпесі өрекпімес қиянға алыс.
Шақыргы ту — жырың бар
Шартараң,
Шалқарларға ұрандағыш:
Жатқа айтса кәрі құлак
 кәриялар,
Сөзіңмен сәби сырлас, ұлан таныс...

Ақылың сара болу,
 дана болу,
Жолында ақиқаттың саналы өлу —
Түптің түбі күнінде
Халқыңа
 адал жүрек
 бала болу!
О, сабаз, осыны ұқтым өнегеңнен,
Сез бе екен жүргегіңнен жара көру...

Сәздерден жалқын төгу,
 ақын болу,
Селт етпес, көзсіз ердей батыл болу —

Тұптің-тұбі күнінде

Халқына

бауыр еті

жақын болу!

Сөз бе екен (осыны ұқтый, сабаз, сенен)

Қаламың қолдан ұшып,

қапыда өлу...

Сен емес пенде-сұлде, белдесуде

Сүмпиіп сүйретілген селбесуге.

Жай қазақ боп туған да,

өлең сөзде

Жаралған құдайлармен теңдесуге.

Жыршының оқ өткенмен өңменінен,

Жырының дарымалты оқ кеудесіне.

Оқ жүйрік, құлан шабыс,

қыран намыс

Өкпесі өреклімес қиянға алыс.

Шақырғы ту — жырың бар

Шартараپ,

Шалқарларға ұрандағыш:

Дәл тұстас дәүірге сай өстің...

Енді

Ұрпақпен

Уақыт атты шыңда табыс!

ЛЕНИНГРАДТЫҚ МУСІНШІНІҢ ШЕБЕРХАНАСЫНДА

1

Басыңдағы шабытты ойдың ағыны
Жүргегіңнің сәулесіне шағылып,
Оң қолыңың қарын бойлай, саусақтан
Саз кесекке құйылғандай ағылып...

2

Бұл міне Лицейдегі балғын Пушкин!
Ұғынып терең, соның жанын құштын.
Аузынан ақтарылып ақиқат жыр,
Кезінен жарқылдардай жалынды ұшқын.

Ақынды парықтайды анық ақын:
Біз емес әсемдіктен жалығатын.
О, Борис, қолыңды әкел!

Бір ағаңмын
Өзінді, өнерінді сағынатын.

ЗАФИР

Шың еңсөлі, құз кеуделі, тау тұлға
Тәкаббар қарт отыр үйдің артында.
Өзін өлім алдында да қор тұтпай,
Күймен женғен қобыз ата Қорқыттай.

Айбынды да, аруақты мұсіні
Бір көргеннен үйіргендей кісіні.

Күнді көрмей, тұнжыраған туасы,
Тұн торлаған әттең көздің ұясы.

...Мойнын бұрды, құлақ түрді көл жаққа,
Айтты-айтпады, қара жолдан сол шақта
Бір машина бері қарай бет бұрды,
Ә дегенше, кең аулаға кеп кірді.
Дабырласып түсіп жатыр топ кісі,
Келеді ұшып етженділеу шеткісі.

Қарт қалбақтап бір отырды, бір тұрды.
Қос қанатын алға жая ұмтылды:
— Атын айтпай, анадайдан танитын
Әне менің келе жатыр Сәбитім!

Емпендеңген ебедейсіз дәу сынды
Құшырлана құшақтарын қаусырды.

— Өзіңсің бе, өзіңсің бе, бауырым?!
Сағындырган ауылышың қауымын:
Ақындықтың бар екен-ау «шатагы»:
Өзің келмей сөзің келіп жатады.

Ойнап айтам, маган аян әр күнің,
Көлеңкеңиң көз жазбаймын, жарқыным.
Батыс, шығыс... — бәрін жұрсің, аралап,
Қолың тимес, жазғырганым обал-ақ.

— Да, Иса аға! Амансың ба, алыбым!
Көп ішінен жазбай қалай таныдың?

— Арай да бар, аяз да бар дауыста,
Соған қарап, айырамын алыштан.

Үнде салмақ, жылы шырай, бояу бар,
Жаман шалды жаксы сөзбен аяндар.

Адамбыз гой жылыштың іздеген,
Адам жанын мұздатпаңдар сыйбенен...

ҚЫРАН ТУРАЛЫ БАЛЛАДА

Жас бала жеті жасар білер нені?
Жетіде дүниені кім түгендеді:
...Әйтсе де қырық жылдай зердемде жұр
Өшпеген бір оқиға сілемдері.

Маралды — жазық қырат көдесі көк,
Тау түгіл, бұдырайған тәбесі жоқ.
Салмайды бүркіт ұя...

құсбегі кім?

Солардың ойымызда елесі жоқ.

Үйрек пен қаз ұшады самсып күзде,
Қырги мен күйкентай бар қаңсық түзде.
Естиміз атын ғана, затын көрмей,
Сұңқар да, қаршыға да таңсық бізге.

Сол дала ғасырлардан өзгермеген
Туасы ыстық екен көзге неден?!

...Бір күні келді кенет құдай айдал
Қияннан құс баласы біз көрмеген.

Қиядан орағытып маңып қана
Қанатын қақпай баяу қалықтаған.
Көрінді құдіретті көк патшасы
Қалайда балақ бауын ағытпаған.

Жұргендей атыраптың қамын ойлап,
Қыран құс ұзак ұшты сабыр-жайлап.
Бұл не құс?

Кімнің құсы?

Қайдан келді?

Аңырып аузын ашты ауыл-аймақ.

Қамшының өріміндей балақ бауы
Не себеп, ағытылмай, салақтаусы?
Атамнан сұрады кеп бір жас жігіт
Ешкімнің жаратпайтын жалақтаусын:

— Жұрген жоқ тоят іздеп, қызыл аңдып,
Тоймаққа жайратып сап, қызыл қан ғып.
Мен білсем: бүгін оны шарқ ұрдырған
Намысшыл от білтелі қызу қандық.

Қыран гой бір-ақ бүрер егескенін,
Сабаздың самғауы бұл емес тегін.
Иесін біреу өлтіріп кетті ме екен?
Кім білсін, тудырғанын егес ненің.

Шоқ қайың, бергі шілік, аргы талдың
Көзімен сілкілейді әр бұтағын:
Қылт етіп көлеңкеден көрінер деп,
Здейді түбін тінтіп бар бұтаның.

Күнәсіз адам қанын арқалаған
Кезіксе жер үстінен қорқау оған,
Жұлдының үзер еді бір-ақ қағып
От шашып қыран көзі қанталаған...

Жұр осы іздел соны тақау маңнан
Табады жалпақ дала жапаннан да:
Қан құйлы қылнатышыл қызыл көздің
Шыбының ұшырғалы жаһаннамға.

Басың жас,
сынға түскен жоқсың әлі
Ажалға адамзаттың жоқ шыдары...
Қарағым,
қандай жақсы, биік мерей
Артында жоқтаушың мен жоқшың бары!

ТҮРКСТАНДАҒЫ КҮМБЕЗДІ КӨРГЕНДЕ

Тауап қып табынса да талай діндар,
Тамаша ғимаратта таудай сыр бар:
Қарашы аспан теңдес ақ күмбезге,
Қалауын келістірген қандай ұлдар?!

Сұлулық — ол махабbat — асыл сүйгі,
Қызығып

қилюласқан тасына игі,
Жоқ құдай хикіметін ұмытып ел,
Құлдардың құдіретіне басын иді.

Мениңше, келмейді жұрт діндарлықтан,
Келеді іңкәр жүрек-діл барлықтан:
Ақыл — ой асқарлығы аталардың
Кем түспес жер бетінде бір халықтан.

* * *

Ертеде естен кетпес бала кезде
Құмар ем бүгінгімдей дана сөзге.
Құлагым түрік еді, кеудем сергек,
Қарайтын іні жаста ага көзбен.

Көршілес қарт бар еді Қаһар деген
(Құрдас-ты менің мейір атамменен),
Күбірлеп оңашада отыратын
Бірі өзі тілдескендей жаһанменен.

Қабағын қалың ойлы түн басатын,
Қалаған қыштай

Сөзі жымдастын.

— Сейлейсіз неге өзіңіз-өзіңізге?
— Қайтейін өйтпегенде,— деуші еді шал,—
Ақылды тең қалмаса сырласатын.

БАЛТЫҚТАН БАЗАРЛЫҚ

ЯНТАРЬ ТОЛҚЫНДАР

Батар күн көніл көзін тартып алды,
Қарыстай көк жиекке жақын қалды.
Жел тұрды жігерлене құбыладан,
Жал толқын желден шоши зымыраған
Шапшиды, мәлдірейді аргы беттен
Көлбей кеп түскен алтын шұғыладан.
Әр толқын қүрең сары янтарь болып,
Құбылды қырық түрлі қыры содан.
Бір жасар еді солай
қуаныштың
Откізген жүрегінен нұрын адам.

ЖАРАЛЫ АҒАШ

Ағаштың да айтары бар,
Әттең ғана тілі жоқ,
Ағаштың да пендеге ұқсас мұңы көп.
Қараши әне кегі бардай өшіге
Озбыр біреу ақ қайыңың да тесіне
Шеге қағып, кете барған, есіре.
Жаралы ағаш

жылап тұр...

Ұққыш болсаң, үнсіз мұңға
құлак тұр.

СУРЕТ

Лаймонис әзілдеді сонда маган:

— Көп фото түсірдің-ау

Өзі үшін, өзге үшін де осылайша

Ескерткіштер жасайды

қолдан адам.

Тозбайды альбомыңа салынғанда,

Қарап қой латыштарды сағынғанда...

— Достым-ау, өшпейтін де,

тозбайтын да

Жүректегі сурет қой, нағылғанда:

Бұл тілге өлеңім бар аударылған,

Бұл жерге тамған тамшы қанымнан да,

САЛАСПИЛС

Он екі мың... сұрама: «Кім баласы?»
Өзің шерің — бауырдың мұң-наласы:
Бейғам-бейбақ, бейкүнә бебектердің
Буыны бекіп қатпаған бұғанасы
Қанын қолдан ағызып бір топ жendet,
Оқпен қырқып, өлімге қиған басын...
Лагерь орнын бұрынғы сүзіп өттік,
Бір сағатта ағарды-ау қалған шашым...
Саласпилс —

мәңгілік жазылмайтын
Адамзат жүргегінің бір жарасы!

ЖУАЛЫ ЖЫРЛАРЫНАН

ЖЕР АТЫ — ЖЫР АТЫ

Жер — судың аттарында жырдың нәрі.
Тұнады сөздің сөлі, сырдың мәні.
Осында такаббар тау маңғаздығы,
Осында ормандардың бұлбұл әні.

Осында мәлдірліктің тамшылары.
Ғаламат ғасырларды қаусырғаны!
Алматы-Ташкент жолы сорабындей
Асыл жыр қайтып қана таусылады?!

Ежелден ел жадында шырақ жағып,
Уақыт шоқтығында тұрақтанып,
Күйіктің асусы алдан шыға келер
Тірі аңыз, өлмес тарих сияқтанып.

Шақпақта шабытыңың шақпағын шақ
Қорықпа кетермін деп шатқа құлап.
Мың түрлі күйін тында Мыңбұлақтың
Қызынба — қызыл тілдің қақпағын жаг

Тай мініп Бауыржан боп Билікелде
Қисықта қыңыратқып килігем бе?
Қызықта Құрманбек боп әнге айналып,
Лашын қызулықпен шүйлігем бе?!

Теңеуін кемел ақын таба алмастай
Жарқырап ай астында ақ алмастай.
Жүйткуін жүйрік судың көрген халық
Атапты «Сұлу сұңғі», жаза баспай.

Жақсы жыр деп тілейсің сағы сынбай
Жайылса-ау жалпақ елге нәрлі судай
Тауларды көктей өтіп алыс кеткен
Өзен Қошқарат ағысындей...

Тамсанты талай дәстүр, талай үлгі,
Шоласың Жуалыда маңайынды.
Қаңтарда жуа иісі бұрқырап-ақ
Тұрғандай ашып көңіл-сарайынды.

Жер-судың аттарында жырдың нәрі,
Тұнады сөздің сөлі, сырдың мәні.
Осында такаббар тау маңғаздығы,
Осында ормандардың бұлбұл әні!

Десең де ұмытайдын, ұмытылмас,
Ұмытсаң, бір тиынға құның тұрмас.
Жер аты — жетелі жыр, жастайынан
Болсын тек қызың мұндастас,
ұлың сырлас.

Тұгендең білмесең де танып атын
Жаныңа бәрі аяулы, бәрі жақын...
Өзіңдей мәңгі жасар жыр туғызар
Атыңдан айналайын, халық — ақын!

КӨРМЕСЕҢ ДЕ КӨҢІЛІНДЕ

Көрмесең де диқан баба даласын,
Көрмесең де жұмысшының қаласын,
Көңілінде көркіменен жайнатып,
Көңіліңмен суретін де саласың.

Киялыңмен өзен-өлке саласын,
Аралайсың асқар таулар арасын.
Көңіліңмен елестетіп көзіңе,
Бар бояуын, нәр бояуын табасың.

Көрермін деп үміт еткен бір күні-ақ
Жердің аты, елдің аты «Мыңбұлақ»
Көңілімде көрінісі көлбендең,
Құлагымда сылдырлайды жыр құрап.

Жердің аты, елдің аты — Жуалы
Жуалының қасиеті дуалы.
Жуалыда топырағы құнарлы
Тәуір жандар,
Бауыржандар туады.

САЛТАНАТ ТУЫ

*Ұлы Отан соғысының ардагері
Тұрта Нұржігітовке*

Тұрта тұр салтанатты ту астында
Толғаныс толғанысқа үштасты ма.
Бір жүрек үндеседі мың жүрекпен,
Бір тасқын тоғысқандай мың тасқынға.

Маңғаз бұл ер еңбекті пірім дейтін,
Маздаса сексеуілдей дүрілдейтін.
Алғыр бұл ақылымен ақсамайтын,
Саңлақ бұл сезімімен сүрінбейтін.

Елуде ер азамат елпілдер ме,
Ерсі ғой албырттанып еркіндеу де.
Алайда, кешір,
Бұл сәт жүзіндегі
Сезімнің сыртқа тепкен өртін көр де.

Насаттың лұпілінен бүгін кеуде
Сәл толқып, буын шіркін дірілдер ме?!

Атынан совхозының тұр ғой Тұрта
Көтеріп туған елдің туын төрде.

Қарты да құлшынған соң жастан қалмай,
Мәртебе бік бүгін асқар таудай!
Ешкім жоқ колективте көзге тұрткі
Игілік ортақ үлкен дастархандай.

Маңдайлар алтап күнде таңнан терлеп,
Зәулімге зымыраса арман өрлең,
Мерейдің туы болып шалқыды екен
Есесі қайтқан қайрат, жанган еңбек!

Шалқыса ән арнасы, күй кемері,
Дуылдал думан-тойдың дүрлегені —
Серпілді бесжылдықта біздің совхоз,
Одақтың оза шапқан жүлдегері.

.. Кешенің үңілмесең көзіменен,
Қалайша бүгінгіні сезінер ең:
Есіне тұсті оның сойқан соғыс —
Деген шақ: «өлтірмесем, өзім өлем».

Уақытша айды ұмытып, жылды ұмытып,
Жортқан да қанды кешіп, мұнды жұтып,
Шашағын сертке сүйген қызыл туды
Еске алды сақа сарбаз Нұржігітов.

Кімде-кім қайрап кегін, шындал қүшін,
Қорғаса қимайтынын, қымбаттысын,

Сол ерлік жасайды екен алапаттай,
Татырлық орнатсаң да сындал мұсін.

Асырган даңқ-тауға тарландарды
Айқаста артта талай таңдар қалды.
Бойынан мұнша құдірет тапқанына
Қыршын жас өзіне-өзі таңданған-ды...

Жасампаз жасай білер, сомдай білер,
Ерлікті қолдай білер...

Сондай бұл ер!
«Біздің ел — жасаушы да, жауынгер де
Бақытын қолындағы қорғай білер!»

Деді іштен Тұрта міне ту астында
Толғаныс толғанысқа ұласты да,
Бір жүрек үндеседі мың жүрекпен,
Бір тасқын тоғысқандай мың тасқынға

РАС-АУ

— Жазда кім Жуалыда кейіс көрсін?!

Шыбынсыз жазы қандай! Пейіш дерсің.

Таңданба — тауға шығып,

алқынбай-ақ

Жұз жасар кейуана жеміс терсін.

Кекпарға жаспен бірге қоссаңдағы,

Намысын бермес қарттар тоқсандағы...

Қырмызы галстукті батырлардың

Тау қойны толған лагерь — бостан бағы...

Жаздың әр тәулігінде той тойлаймыз,

Рахатқа көмілгендей пай-пайлаймыз.

Шақпақтың қысы бірақ тым қытымыр,

Қамшысы батып кетсе, қайқаңдаймыз...

Газикпен тартып кетсең бір қыстакқа,

Қаласың қанша күндік сын-қыспақта.

Жол біткен оппа қармен тығындалар

Бәрі сол батыс беткей, шығыс жақ та.

Қысында алай-түлей қар борайды,

Құысты баса көме, тауды орайды.

Ақ боран аңы әніне басса бес күн,

Тұтқындағы тыптыршуың сонда қайғы.

Тарынып табиғаттың лаңына,
Шарасыз от түседі шыдамыңа,
Сұрайсың аудан жайын

дүркін-дүркін

Жармасып телефонның құлағына.

Үш ай қыс сөз еткенде қырсығын сіз,
Баспайтын өкілді айтпа қылышығын мұз.
Кез келген үйдің көртіп сары қазысын,
Малта езген сорпасынан быршып жүрміз...

Менің де түйгендерім бар ішімде,
Айтпаймын сән үшін де, дау үшін де.
Түседі сондайда еске жалғыз үйлі
Шопандар құм ішінде, тау ішінде.

Аупартком секретары сәл кідірді —
— Басталған боран мынау алдың құнгі...
Тайытар бір майданың — сол жайылым
Дүниеде барлығынды, нәрлігінды.

Шопанның жайылымда үйі де бар,
Берместей ханға сәлем қүйі де бар.
Сайрайды транзистор құні-тұні
Алады жер-жинаннан жиі хабар.

Бірақ та елестетші көз алдыңа,
Тіл безеп ділмарлардан озармын ба:
Ақ түтек алай-тұлей... ішінде — сен...
Айтқанға сыртқа шықпай, бозардың ба?!

Үш күндей үдей соғып аласұрған
Бораннан және жаяу борасыннан
Кеміліп қалған шығар қар астында
Қойшының тоқал үйі, қорасы да.

Төрінде шалжиганша ода жазып,
Шығып көр қалың қардан канал қазып.
Бес жұз қой маңыраса қарсы алдыңнан.
Бір сәтке сандалар ең, санаң қажып.

Қолыңа істік ұстап, арқанды алышп,
Қасыңа қажымайтын қалқаңды алышп,
Маяға көш жердегі томпаңдайсың,
Құртік қар салмағыңнан талқандалышп.

Бір теңді буып беріп жұбайыңа,
Қарайсың сығыр күннің сыңайына.
Маямен екі ортада зырылдайсың
Қысқа күн,
ұзақ таңың ұдайына.

Қате айтсам, түзет, баурым, сөзімді бөл.
Шыдайды бәріне де тәзімділер.
Шебіңмен теңдеп буып арқалаған
Қаңбақтай домалатар өзінді жел.

Жұырда күн қабагы ашыла́р ма,
Қапталдан қасқыр ұлыр басынар да,
Кезенген мылтығыңды қабуға бар
Аш бөрі тайсалмайды ашынғанда.

Азапты ауырсынбай қапылыста,
Бауырым, өзінді-өзің батыл ұста.
Саулықтар балағынан төл сорғалап
Тегіп бір берсе қайттің осы тұста?!

Үзгендей, ұлгірмей-ақ ішіп асын,
Жұнісов түйді сөзін... түсін расын:
— Қойшымен сонда бірге болмағаныңа
Қарадан қарап тұрып қысыласың.

МОМЫНҚҰЛОВ ӘБДІЛДАМЕН СЫРЛАСУ

Түйдей құрбы-құрдастыз:
Жолықпай-ақ сырластыз.

Көрсөң мейлі, қайдан гәр,
Біз — кешегі майдангер.

Бәукеңдерге ініміз,
Кішілікпен іріміз.

Жалдал қанның өзенін,
Кешкен қатер кезеңін

Құрбандардың көзіміз,
Айтылмаган сезі — біз.

Жігіттердің басымыз,
Ұлғайғанның жасы — біз.

Софыс мәрі бойында,
Жеңіс лебі ойында.

Қысылса да қыстықпас
Біз тәкпейміз ыстық жас.

Оттан шыққан болатпыз,
Жасуға өсте олақпыз.

Қайда көрсөн, онда гөр
Біз — бүгінгі ардагер!

Қартаймаймыз ерте біз
Көпке жаршы — серкеміз.

Ассақтағы елуден,
Қалмаймыз біз шеруден!

Төл құрдасым — Әбділда!
Жас солдатша адымда.

ЖЕКЕ ШУМАҚТАР

Ғасырлардан келемін
Тағдыр деген тасқында:
Домбырадай көнемін,
Жаңа күйдей жаспын да.

* * *

Көзің-теңіз. Тұңғылқа баттым да,
Батқан сайын тәтті ләззәт таптым ба?!
Батыра бер,— бақыттым бол...
tek biraq
Толқын құсап кері теппе, лақтырма.

* * *

Өзіңді оятпаса Намыс-Ана,
Әліппе ақиқатпен таныс, аға:
«Ол менің алдында бір бала», депсің,
Баламен үлкен кісі алыша ма?!

* * *

Үзілдіріп, тірі өлтірген талайды
Тоқжан апаң махаббатта талайлы:
Аласұртып, ақылынан тандырып
Ақындыққа алып келген Абайды.

Қарлығаштай жақындаپ кеп, жанамай,
Уақыт деген күткеніце қарамай,
Өте шығар... Өкініші қалады-ау
Өмір бақи жазылмайтын жарадай.

* * *

Қын жазған қаныммен де, теріммен
Қимасымдай тартып алған өлімнен
Менің төрт жол отты жырым — төрт жылым
Қызыл бояу, ірі әріппен терілген.

* * *

Аяулы туған тілім-ана тілім!
Аңсасам бал ләззетын табатыным.
Алышқа асылыңды апарысар
Мен де бір сениң мықты қанатыңмын

* * *

«Теңізі ажырамағандай жағасынан
Інісі айрылмаса ағасынан!..»
Осындай бір тілекті ұққандаймын
Ардагер ағаның көз қарасынан.

* * *

Ұнатам көпшілдікті — даналықты.
Жек көрем қараулықты, қаралықты.
Ұнатам өнердегі өзімшілді —
Ұнатам өнердегі даралықты.

* * *

Орын алсын ойшыл томдар, ортаңнан
Менің де бір қолтаңбам.
Қорықпаймын қаламын деп тапталып,
Тағдыр атты тарпаңнан.

* * *

Еліңнің ескірмейтін салтын сыйла,
Ешқашан туған жерді олқысынба,
Ерсі емес нәсер күні көгал кешіп,
Өтсең де жалаңаяқ алпысында.

* * *

Отызда айта алмаған сөз баласын,
Қырқында тебіренсең, тез табасын.
Лақылдал, төгілмейсің толы тұрып,
Танисың әр нәрсенің өз бағасын.

* * *

Сазайын бердік соққыға
сырттан келгеннің,
Сабаздар біздің ерледі!
Есімін қашап жазуға шаһит ерлердің
Жетпестей мәрмар жердегі.

* * *

Азабым бар азсынған,
Еңбегім бар көп сіңген:
Айды берсең азсынбан;
Күнді қисаң, көпсінбен...

* * *

Шаттық көлдей шалқиды,
Суаларын қайтерсің?
Гүлден жұпар аңқиды.
Қуарарын қайтерсің.

* * *

«Теңізі ажырамағандай жағасынан
Інісі айрылмаса ағасынан!..»
Осындай бір тілекті үққандаймын
Ардагер ағаның кез қарасынан.

* * *

Ұнатам көпшілдікті — даналықты.
Жек көрем қараулықты, қаралықты.
Ұнатам өнердегі өзімшілді —
Ұнатам өнердегі даралықты.

* * *

Орын алсын ойшыл томдар, ортаңнан
Менің де бір қолтаңбам.
Қорықпаймын қаламын деп тапталып,
Тағдыр атты тарпаңнан.

* * *

Еліңің ескірмейтін салтын сыйла,
Ешқашан тұған жерді олқысынба,
Ерсі емес нәсер күні көгал кешіп,
Өтсең де жалаңаяқ алпысында.

* * *

Отызда айта алмаған сөз баласын,
Қырқында тебіренсөң, тез табасың.
Лақылдаپ, төгілмейсің толы тұрып,
Танисың әр нәрсенің өз бағасын.

* * *

Сазайын бердік соққыға
сырттан келгениң,
Сабаздар біздің ерледі!
Есімің қашап жазуға шаһит ерлердің
Жетпестей мәрмар жердегі.

* * *

Азабым бар азынған,
Еңбегім бар көп сіңген:
Айды берсең азынбан;
Күнді қисаң, көпсінбен...

* * *

Шаттық көлдей шалқиды,
Суаларын қайтерсің?
Гүлден жұпар аңқиды.
Куарапын қайтерсің.

* * *

Тұяғымды серіппей,
Үйықтаушы едім өліктей.
Енді міне түн бойы
Елегізимін еліктей.

* * *

Жөніміз тағдырдан жоқ тіленерлік,
Ата салт — баба дәстүр — кілең өрлік.
Жас толқын әр үрпақтың өн бойына
Таралып қызыл қандай сінеді ерлік.

* * *

Артыма қыз қалдырдым:
Өшпейтін із қалдырганым емес пе?
Артыма ұл қалдырдым:
Өлмейтін жыр қалдырганым емес пе?!

* * *

Кітаптарым —
Бұтақтарым.
Балта ала жүгірме,
Шырақтарым!

КҮЛКІСІЗ КӨҢІЛ ҚҰЛАЗЫР

АРЫСТАН МЕН АҚТЫШҚАН

Доктор көрсөң аспирантпен мінгескен,
Арыстан де, ақтышқанға ілескен.

ЖАНУАР МЕН МЕМУАР
Жазда туган қозы деген жануар
Күзде жазды екі томдық мемуар.

ЛЕКТОР ТЕКЕ

Көрінердей парасатты сипатпен
Лектор Теке бақылдайды цитатпен.

КІТАП ПЕН КІТАП КЕМІРУШІ
Тышқанның сыры бізге мәлім, жолдас:
Кітапты кеміргенмен фалым болмас.

ҰЛУ МЕН ТАСБАҚА

Ұлу айтты Тасбақаға:
— Маған тартқан жайбасарсың:
Мен шыққанда пенсияға,
Өз орныма жайғасарсың.

ТІС ПЕН ТУЫСҚАНДАРЫ

Тәбелесте бір тістің сынығы үшты:
Қалған тістер шегініп, сығылысты.

АСПАЗ БЕН АСХАНАНЫң ДӘМІ

«Бізге кел,— деп жүретін,— дәмді іздесен»,
Бас аспазға:

— Тамақтарыңыз дәмсіз екен,
Компоттарыңыз нәрсіз екен, десем,
Бұрқан-тарқан болғаны, түйіле қалып...
Ал өзі ауқаттанады екен, үйіне барып.

ШІРКЕЙ МЕН ПІЛ

Шіркейді піл мақтап жүрді он апта:
— Қанаттыда ұшқырлардың бірі осы!
Алжығаннан аман-сау ма Піл осы?!

Кейін білдік бірақ та,
Пілді шіркей шақырыпты қонаққа.

АҚ ШАШ ТУРАЛЫ АЗҒАНТАЙ СӨЗ
Жолығып қап бірге оқыған құрбысы,
Бәйбішемді найза-сөзге ілгісі
күлгісі

Кеп, кекетіпті:

— Жігітіңнің шашы ағарып кетіпті.
Қай жылғы еді бұл кісі?

— Оған мені унілер деп, дәметпе! —
Біздің жампоз солай депті желекле
әлекке. —

Ай-жылында

Мезгілінде ағармаған шаштың да
Атасына нәлет! — де.

САУЫСҚАНДАР САМПЫЛДАСА...

Сауысқандар қауесет таратады,
Дәулер соған нанады бар атағы:
— Өйдай!
Жоғарылайтын болыпты біздің Торғай!
Күні бұрын құтты болсын айтыңдар,
Қапыл болмай:
Білмеппіз деменіздер «эттең, ойбай!..»

Шапшаң барып қайтыңдар!
Тұрма, қайқай!
Той бар,
Ойхай!..
Дуласты жаңалықты естігендер,
Қарбалас кешті түндер,
кешті күндер.
Тогай түгел дүрлікті,
Елеуреді ел біраз:
— Сол Тораштан кім мықты,
Қыранбектен кемдігі аз!..
Қалт етпейтін Қаршыға
Қалбаңдады:
— Сейт!
Бағыңды ал сына!

Үрпісті үкілер,—
Үкі не деп күпінер.
Шақырды дәмге Қарлығаш,—
Ақ ниетін жайды рас:
— Маңында ілгіштеріңнен,
Көп болсын,— деді,— білгіштерің.
Сонда көзге көрінер игі істерің!

Құлағы сақ ылғида
Қалыс қалмай қырги да,
Сәлемдесті өзі кеп:
Өзіміз де сезіп ек
Торашжанның тұрғанын
Өсетүғын кезі кеп...

Жапалағы оңында,
Күйкентайы солында,
Шымшықтары соңында,
Бас бол келіп,
бас изесті Сұңқар да,
Ол өзі де қошеметке іңкар ма:
— Қанаттылар «тұқымы асыл Торғайды»,—

Деді Сұңқар,— қолдайды да, қорғайды...

Жоғарылаған дос — жоғалған дос.
Дариға

Өзімізді ертең осың тани ма?! —
Деп тотылар, жасырмады шұбасын,
Шұбатты өсек шудасын...
Кім келсе де жақыннан не алыстан,
Табактас боп бірге отырды Сауысқан.
Өрекпіді өсектің әк сайтаны
От мөлдірден шайқады,
Қыртыстасын жайлапады:
— Тәйірі, өсер Торғайға
Аты да жетер мұндайда?!

* * *

Торғайсыз да дау аз ба,
Шырқамақ түгіл жоғары,
Жетпеді қолы лабазға.
Сауысқанға обалы!

МИЯУБАЙ МЫШЫМОВ

— Өсіп-өнген, үлкен ата қауымдас
Аң патшасы Арыстанмен бауырлас,
Табақтас та тамырлас
Жолбарысқа жиенмін.
Жолбарыстың құдасы
Қабыланға күйеумін.
Қабыланның жорасы
Барыспенен бөлемін.
Солар үшін өлемін!
Лауазымым жоғары,
Төбедегі тәремін!
Не ішемін демеймін,
Ағыл-тегіл қорегім!
Деп Мияубай кергиді,
Жайлап алып төргі үйді.
Біреуі болмаса біреуі,
Мысықтың сөзіне сенеді.
Нақ осы арамның тілегі,
Нақ осы Мысыққа керегі.
Сез емес-ау қалғаны,
Бері ішінде кекжалы,
Ит ішінде арланы...—
Ұят соған наңғаны!

Көрсө анандай Мысықты,
Арлан қүйрық қысыпты.
Кекжал көрсө Мысықты,
Ұнжырғасы түсіпті...
Ал Арыстан, Жолбарыс,
Не Қабылан, не Барыс
Дүниеде осындай
Мияу барын білмепті.
Кетсін әрі —
Мышымовың кім? — депті...

БҰЗАУ БҮҚА

Бұқаның орны бос еді...
Бір өгіз айтты деседі:
— Не керек елдің өсегі,
Ғұжбас боп бұ да өседі.

Бұзауды бұқа орнына
Қойсаңдар, бар ма кеселі?!
— Өгіздің сөзі көшелі
Менің де ойым осы еді,—
Деп Қодас оны қостапты.
Сайлапты бұқа баспақты.
Бұзаудың маңғаз жатысы,
Ғұмыры жоқтай қапысы.
Қалтасын сықап құйылған
Бұқалық еңбекақысы.
Бірақ та істің қыныны:
Тоқсан сөздің түйіні:
Шетінен төлсіз қалыпты
Ферманың бүкіл сиыры.
Бұзауды бұқа қойғандар!
Обалы барын ойланңдар.

СЫРҚАМАҒАННЫҢ СЫЛТАУЫ

Албырт тағой жастық шақ,
Айлакер-ау Әлмұқан...
Елтіп жүрген мас құсап,
Әлмұқанға қалдым таң.

Күзетеді таң атпай,
Лор кабинет есігін.
Өзге ойларды жолатпай,
Жаттайды қыз есімін.

Жалынады қызды алдай:
«Емдеп бер,— деп,— қарағым!»
Қаратады қызармай,
Ауырмаған тамағын.

Кезің көріп, иандың ба
Такаббар қыз Алуаш.
Алуаштың алдында
Әлмұқанның бағын аш.

* * *

Дос дертіне қандай сөз
Болар ерен дару-ем.
Табылмайды ондай тез,
Зарығамыз зәруден.

Жан шипасын біреулер
Біле тұра, қимайды.
Онан сайын жүдейді ер,
Қимағаны қинайды.

* * *

Женсіз жеткен мансапта
Басы айналып құлауга
Шақ қалғанша жан сақтап,
Жарайды адам шыдауга.

Әзіне шақ деңгейден
Құлайды, асса жоғары.
Лауазымға дәндеген
Әзіне өз обалы!

* * *

Иесіне телміреді ит шемендей,
«Тым құрыса бір бауырсақ берер» деп.
Бұлғаңдаған қүйрығы бар жазғаниң —
Жалбарынып табан жалап азғанның.

Кей пенде өзі бұлғаңдаса да қүйрық бол,
Ол байғұсқа бұйыратын сыйлық жоқ...

САНДЫҚ БЕТІНДЕГІ ЖАЗУ

Кілттеулімін... құпиямын сендерге,
Сұқтанып-ақ қарайсындар көргенде.
Тылсым жұмбақ ішім түгіл, түсім де.
«Қандай асыл бар екен,— деп,— ішінде?»

Әзірсіндер ішіме де тұсуге.
Ескертерім әуес көрген кісіге:
Онанда не табарынды ойлағай,
Үңілсендер өздерінің ішіңе.

МАҚТАНШАҚ МАЙМЫЛ

Қара маймыл
Сиқына қарамай бір,
Суретшіге келіпті:
— Кезімен көргендер.
Сырласып жүргендер,
Сұлулық тергендер,
Сырттан да білгендер:
«Өзіңіз де,
Кезіңіз де,
Сезіңіз де,
Бойыңыз да,
Ол ол ма
Ойыңыз да аумайды деседі.
Кеменгерлер тумысынан көшелі.
Ұлы ойышыл екеуміз
Өте ұқсас екенбіз.
Салғың келсе суретімді
Танытқың келсе құдіретімді,
Мен позировать етейін,
Шақырған сэтте жетейін...

* * *

Маймылдар үйір позага,
Адамнан бірақ оза ма?!

МАЗМҰНЫ

Азаматтың ақ жолы	
Солдаттар ұмытпайды сұрапылды	
Бауырмал батырлық	
Командирдің әңгімесінен	
Майдандағы қызғалдақ	
Ол сөздің жоқ қой қатысы	
Жіптіктең түтін	
Балдәурен, шіркін	
Кім сенер	
Қар мен қан	
Теңізші сағынышы	
«Япырау, наңайын ба...»	
Емендей қайсар ер жігіт	
Самырсын	
Майдангердің жарасы	
Киілмеген тәж, киліккен тажал	
Сержант сезімі	
«Түсімде досымды көрдім...»	
Жоқтау	
Біз содан да көрегенбіз	
Қайран достар — майдандастар	
«Бек сендім...»	
Атам менің	
Софыстан соңғы ән	
Ерлер ескерткішке татиды	
Біз — кешегі солдаттар	

Ұлдар легі мен жырлар легі	47
Жолдар, жолдар	
Сипат	53
Бір сен деп...	
Тұстасық	73
«Аңсағандай ғашығымды...»	73
Коммунист сондай!	74
«Туган елді лайық неге теңермін?...»	76
Ұран тәбе	77
Шамшырағы әлемнің	79
Октябрьге ода	82
«Галстукты балалық...»	84
Арқаның аязы	85
Тағат	87
«Кешегім — бүгінгіге қам...»	88
Мен даламмен өлшеймін тағдырымды	89
Толқыған әнім—Торгайым	90
Көңіл күйлі домыра	
Қаламым	93
«Өскен елім — қазағым...»	94
«Күй мен қобыздай...»	94
Арман	95
«Туға біткен асқақтық...»	95
Диалогтар	96
Қажымұқанмен тілдесу	98
«Жазылар үйден бір хат...»	99
Өмір—бәйгі	100
Қысқа жілтей	102
75-ке байгазы	103
Барған сайын ауылға	104
Жанай өтсем сол үйді	106
Ана үшін	109
Достық — күн	111

Сөз құдіреті	11
Ата-ананың арманы	11
Балалардың ойы	11
Қай күні ақын болдым мен?	11
«Қан туыстан әлдеқайда...»	11
Оңашадағы сыр	11
Екеуміз	11
Жол шетінде шопан қарт	11
«Елеппін бе тас тағдырдың сынағын...»	12
Асқарлық пен ашық күн	12
Күзгі жыр	12
Құлан жүйрік	12
Қырышық қар	12
«Өзінен кейінгіні баласынып...»	12
Құлақ пен бас	12
Мейірбандық	13
«Қыстың соңғы күні...»	13
Көл мен мен	13
«Қасиетімді қайсың барсың байқаған?...»	13
«—Шанышты десем...»	13
Қаратаяға қарап	13
Жиырма бес	13
«Сырқап қалып...»	13
Қысқы ауылдың көрінісі	13
«Алыста — көздің ұшында...»	13
«Қараймын балалық шақ сәттеріме...»	14
«Пискарев бейіті мен...»	14
Ақынға ақын ағайын	14
Әдебияның әні	14
«Ақ шыныдай аппақ қана...»	14
«Жау оғының өтіндегі...»	14
Содан ғой	147
«Жаздың қанық»	148

«Көрген соң буырыл шашымды...»	149
Қара теңізге қарал тұрып	150
«Тегін емген анасының ақ сүтін...»	151
Пәктік	152
Қарагайда домбыраның сазы бар	153
Донғалақтың әні	154
Екі кезең	155
Келешекке көшетін кешегілер	
Ақындық қадірі	156
Александр Пушкинге үш пейіл	157
Абовян	159
«Жетімек ем...»	160
Жамбыл және Жандосов	161
Естайдың өсіетінен	171
Олмес өнеге	173
Ленинградтық мұсіншінің шеберханасында	175
Загип	176
Қыран туралы баллада	178
Түркістандагы күмбезді көргенде	181
«Ертеде естен кетпес...»	182
Балтықтан базарлық	
Янтарь толқындар	183
Жаралы ағаш	184
Сурет	185
Саласпилс	186
Жуалы жырларынан	
Жер аты — жыр аты	187
Көрмесең де көңілінде	190
Салтанат туы	191
Рас-ау	194
Момынқұлов Әбділдамен сырласу	198
Жеке шумақтар	200
Күлкісіз көңіл құлазыр	

Арыстан мен ақтышқан	205
Тіс пен туысқандары	206
Сауысқандар сампылдаса	208
Мияубай Мыширов	211
Бұзау бұқа	213
Сырқамағанның сылтауы	214
«Дос дертіне»	215
«Жәнсіз жеткен мансапта...»	215
«Иесіне телміреді...»	216
Сандық бетіндегі жазу	217
Мақтаншақ маймыл	218

Музафар Алимбаев

РАДИ ТЕБЯ

Стихи, баллады, басни

(на казахском языке)

Редактор М. Жумагалиев

Художник В. Кузьмин

Художественный редактор Б. Машрапов

Технический редактор Б. Карабаева

Корректор Г. Тельтаева

ИБ 1245

Сдано в набор 10.01.1979. Подписано к печати 7.06.1979.
УГ16224. Формат 84×108^{1/4}. Бум. типогр. № 1. Школьная
гарнитура. Печать высокая. Печ. л. 3,5. Усл. печ. л. 5,9.
Уч.-изд. л. 5,4. Тираж 6000 экз. Заказ № 461. Цена 65 коп.
Издательство «Жазушы» Государственного комитета Казах-
ской ССР по делам издательства, полиграфии и книжной тор-
говли, г. Алма-Ата, 480091, пр. Коммунистический, 105.
Полиграфкомбинат производственного объединения полигра-
фических предприятий «Кітап» Государственного комитета
Казахской ССР по делам издательства, полиграфии и книж-
ной торговли, 480002, г. Алма-Ата, ул. Пастера, 39.